



**КЕШЕГІ
ТҮЛЕК - БҮГІНГІ ЕЛ
МАҚТАНЫШЫ**

2 - бетте



**ШЕТЕЛ ТІЛІН МЕҢГЕРУ-ШЕТ
ЕЛДЕРДІ БІЛГЕНМЕН ТЕҢ**

7 - бетте



**ОЛИМПИАДА
ЖЕҢІМПАЗДАРЫ
АНЫҚТАЛДЫ**

15 - бетте



**Жаңалықтарды
оқыңыз
www.asu.edu.kz
Читайте новости**

АТЫРАУ UNIVERSITY Газет 2000 жылдың сәуір айынан шығады

Университет

Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БАСЫЛЫМЫ
ИЗДАНИЕ АТЫРАУСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМ. Х.ДОСМУХАМЕДОВА

№3 (98)
МАМЫР 2020 ЖЫЛ



Сіздің дұрыс таңдау жасап, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде білім алуға ұмтылған қадамыңыз – жарқын болашағыңыздың кепілі.

Қазіргі дамыған заман, өркениетті қоғам өз ісінің алғырларын ортаға тартатыны сөзсіз. Сондықтан еліміздің болашағы үшін сапалы маман дайындау бағытында университетімізде маңыздылығы жоғары жұмыстарды жүзеге асыруды мақсат етіп қойдық.

Бүгінгі таңда барлық мектеп бітіруші түлектердің ойы, мақсаты үздік, бәсекеге қабілетті жоғары оқу орны мен мамандықты дұрыс таңдау болып отырғаны баршамызға белгілі. Осы бағытта жастарға адами зияткерлік капиталды қалыптастыруда 70 жылдық тарихы бар, өзіндік бай дәстүрі мен жаңашылдық әрекеттеріне сүйенген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұжымының қызметін елемуге болмайды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жолдауындағы «Басым бағыт ретінде әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңіне көшу елдегі білім беру сапасын арттырмай, ғылымды дамытпай қол жеткізе алмаймыз», - деп айтқан сөзі университет ұжымына биік мақсаттар мен зор міндеттер жүктейді.

Құрметті талапкер, таңдау – Сізден, білім беру – бізден! Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін таңдауыңыз – өз болашағыңыз үшін жасаған қадамыңыз!

Құрметпен,
ректор, профессор **С.Н.ИДРИСОВ**



АтМУ-дың 1988 жылғы түлегі, Атырау облыстық білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Есенғалиев Сатқан Ыбырайұлы:

«Құрметті мектеп бітіруші түлектер! Сіздердің алдарыңызда ең маңызды, күрделі шешім күтіп тұр. Ол өздеріңіздің болашақ сүйікті істеріңізбен айналысу, мамандық таңдау, сол мамандықтың шыңына жету, өз жұмыстарыңыздың білікті маманы атану, өзіңіздің дамидың ортаны таңдау. Егер осыған қол жеткізсеңіздер, сіздер таңдаған мамандықтың нәтижесін көресіздер. Сондықтан, мамандық таңдағанда қателеспеуге тырысу керек. Өзім де мамандық таңдауда көп ойландым. Жауапкершілікпен нәтижелі шешімге келіп, өз таңдауымды жасап, осы оқу ордасының тарих мамандығына оқуға түстім. Топтық жұмыспен айналысу, жауаптылықпен жұмыс атқару, қолдау көрсету еңбек жолын бастағанда көп әсерін тигізді. Кейін мектепте қызмет атқардым, одан соң университетте оқытушылық қызметте болдым, тарих ғылымдарының кандидаты атандым. Тарихшы ретінде айтайын дегенім, тарих біріншіден, ақиқат, екіншіден, ол оқу-ғылым. Тарих ғылымы мемлекеттік қызметпен пара-пар. Сондықтан болар, мен мемлекеттік қызметке араласып, қалалық, облыстық білім беру саласында қызметте болдым. Қазіргі таңда ҚР Білім және ғылым Министрлігінің Атырау облыстық білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысымын. Ең бастысы, мен ұстазбын. Ұстаздық жол – ең аяулы, ғажап мамандық. Себебі, барлық адам ұстаздың алдынан өтеді. Бір сөзбен айтқанда, дүниенің кілті – ұстазда. Цифрландырылған технология қарыштап дамығанымен, білім беретін ұстаздың еңбегіне жетпейді. Жалпы, қоғам дамуында адамға жаңашылдық, шығармашылық даму тән. Сондықтан, егер сіздер қоғамға үлес қосып, елдің болашағын дамытуды ойласаңыздар, ұстаздық жолды таңдауға кеңес беремін. Бәріңізге ақ жол, сәт-сапар тілеймін».

КЕШЕГІ ТҮЛЕК - БҮГІНГІ ЕЛ МАҚТАНЫШЫ



АтМУ-дың 1998 жылғы түлегі, «Қазақстан Атырау» телеарнасы директорының орынбасары, бас редактор Халелова Балауса Пушкинқызы:

«Жалпы әр адамның өмір жолында білім алған ордасының маңызы өте зор. Біз үшін Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің орны ерекше. Біз дегеніміз – 1994-1998 жылғы Филология факультетін бітірген 25 студент. Білім нәрімен сусындатқан ұстаздарымыздың сара жолы санамызда жаңғырып тұр. Біз сол ұстаздардың тәлімін алған бақытты студенттерміз. Атап айтсақ, Сәндібек Ғұбайдуллин, Сабыр Қазыбаев, Мұқан Көптілеуов сынды аяулы ұстаздарымыз, сонымен қатар университетіміздің абыз ұстазы Қадыр Жүсіп ағаларымыздан дәріс алып, сөз өнерінің киесін ұқтық. Егер, біз бүгінде жетістік шыңын бағындырып жүрсек, ол университет қабырғасында алған біліміміздің арқасы дер едім. Өйткені, білімің болмаса, ойлаған арман-мақсатыңа жете алмайсың, білікті маман бола алмайсың. Ал, білімді берер – ұстаздар. Сондықтан, білім беріп, биікке жетелеген барша профессор-оқытушыларға шексіз алғысымды білдіремін».

АтМУ-дың 2010 жылғы түлегі, танымал айтыскер ақын Избасаров Шалқарбай Сайлаубайұлы:

«Мен Шалқарбай Избасарұлы Атырау қаласындағы іргелі оқу ордасы, ұлылықтың ұясына айналған білім мен ғылымның қасиетті киелі қара шаңырағы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 2010 жылғы түлегімін. Бұл университет менің өміріме айқын бағыт, өнеріме шалқар шабыт сыйлады. Биылғы 70 жылдық мерейлі мерекелеріңіз, торқалы тойларыңызбен білім, тәрбие мен тәлім берген барша ұстаздар қауымын және Саламат Нұрмұханұлы басқарып отырған университет ұжымын шын жүректен құттықтаймын. Жұмыстарыңыз жемісті, келбеттеріңіз келісті, өмірлеріңіз өрісті болсын. Мектеп бітіруші түлектерге еш ойланбастан, аталған оқу ордасына қадам басып, болашақта білікті маман болып шығуларыңа тілектеспін. Ендеше, ақ жол!»




АтМУ-дың 2016 жылғы түлегі, әнші Айбар Ғаниұлы:

«Құрметті талапкерлер!

Мен Айбар Ғаниұлы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 2016 жылғы түлегімін. Қазіргі таңда Н.Жантөрин атындағы облыстық филармонияда қызмет етемін. Республикалық, халықаралық лауреаттардың жүлдегерімін.

Аталған оқу ордасы Қазақстан аумағында алдыңғы қатардан көрініп келеді. Осы университеттің түлегі болғанымды мақтанышпен айта аламын. Университет қабырғасында білікті профессор-оқытушылардан білім алдым, көптеген мәдени шараларда бақ сынадым, өнерлі достар таптым. Осындай керемет мүмкіндіктер сыйлаған университет ұжымына шексіз алғысымды білдіремін.

Талапкерлерді университетімізді таңдауға шақырамын. Болашағыңызға нақты қадамды Х.Досмұхамедов атындағы университетпен бірге жасаңыздар. Бәріңізге сәттілік тілеймін».



АтМУ-дың 2009 жылғы түлегі, әртіс Қайырлиева Гүлнұр Саясатқызы

«Құрметті жас талапкер!

Мен Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеттің 2009 жылғы түлегімін. Аталған білім ордасында актерлық өнер мамандығы бойынша тәлім алып, қазіргі таңда Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық Қазақ драма театрында актриса әрі труппа меңгерушісі болып қызмет атқарамын.

Халел Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университетінің қабырғасында білім нәрімен сусындай жүріп, әр түрлі ұлттық конкурстарға қатысып, жүлдегер атандым. Міне, білім ордасы сізге осындай үлкен мүмкіндікті сыйлап қана қоймай, сенің өмірде өз мамандығыңның иесі болып қалыптасуыңа бағыт бағдар береді.

Тамырын тереңге жайған киелі білім ордасында ұлы тұлғаларды оқытып шығарған ұлағатты ұстаздар мен білікті маман иелерінен білім алуға асығайық, достар!»





ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫ - ҒЫЛЫМИ ИНТЕГРАЦИЯ БАСТАУЫ

Көпшілік ортада Ұлы ұстаз Әл-Фарабидің философиялық әлеуметтанушылық, педагогикалық, психологиялық, философиялық бағыттағы зерттеулері туралы жиі айтылады. Әл-Фараби бабамыздың математикалық, жаратылыстанушылық жайындағы еңбектері жарық көріп, ғылыми тұрғыдан зерттелгенмен жалпы бұқара, көпшілікке физикалық, математикалық, химиялық, биологиялық саладағы туындылары жан-жақты таныс емес деген субъективті пікірдемін. Аталған тақырыптағы мәселелер бойынша Әл-Фараби мұрасының математикалық-жаратылыстанушылық еңбектерін осы саланың ғалымдары жете білгенмен қалың оқырманға жеткізу маңызды деп санаймын.

Әлемнің екінші Ұстазы атанған Әл-Фарабидің аса құнды ғылыми ойларын барша қазаққа ана тілінде жеткізіп, қазақ тілінде ғылыми айналымға енгізген ғалымдардың бірі де, бірегейі де Әл-Машани болды. Ақжан Әл-Машаниұлы ұстаздың мұраларын тарихи-әдеби, фантастикалық шығармалар арқылы оқырманға түсінікті, жеңіл тілде жеткізе білді. Әл-Машанидің ұзақ жылдар бойы зерттеулері ғылым саласының майталмандарына өте таныс дүние екендігі анық. Дегенмен де, білім ордасының есігін енді ашқан, ғылым құндығынан сусындайын деп келген арманшыл жастар мен талантты ұрпаққа ой тұрткі болсын деген оймен жазып отырмын.

Әл-Фараби туралы кідіре тұрып жалпы ғылым мәселесі туралы сәл лирикалық шегініс жасап көрелік. Кеңес Одағы тұсындағы ғажайып жетістіктердің бірі әрбір ғылым саласын жеке-жеке деферекциялау, жіктеу, классификациялау болды. Осы арқылы әр ғылымның өзіндік салалары пайда болып, мектеп оқушыларына шағын курс ретінде сатылай оқытылып отырды. Мәселен, биология ғылымы ботаника, зоология, анатомия, биология пәндері арқылы сатылай оқытылды. Әлемде ғылымды жеке саралау мен қатар олардың тұтастығын және интеграциясына ерекше мән беріп отырғандығы анық. Осы үдеріс нәтижесінде біздің білім беру жүйесінің мазмұнына түбегейлі өзгеріс жасалып, мектеп оқушыларына пәнді оқытуда жаңа бағдарға бет бұрғандығына аздық көпті уақыт өтті. Оқырманға түсінікті болу үшін әлем интеграциялау негіздеме енгізілген пән жаратылыстану туралы қысқаша шолу жасасақ.

Физика, биология, химия ғылымдарының негіздерін біріктіре оқыту жүзеге асырлады. Ал, қоршаған ортаны тану пәнінде бастауыш сыныптарда география, философия, тарих, құқықтану ғылымдарының негіздерін үйретуге бағдарланған. Бұл біздің еліміздегі ғылыми пәннің жыл бұрынғы Әл-Фараби заманындағы ғылымдардың тұтастығы мен интеграциясының көрнісін Әл-Машани зерттеуінен айқын көре аламыз. Бүгінгі таңдағы ғылыми пәндердің интеграция мәселесі Әл-Машани еңбектерінде қарастырылуы зерттеуші ғылымның

басын қосып тұрған күш, космос күші деген тұжырымға келеді.

Әл-Фараби теориясын былай сипаттайды: От дегеніміз барлық аспан шырақтары, олардың көрікті түрі жұлдыздар. Оны зерттеуші – астрономия. Жер дегеніміз қатты заттар мағынасында. Оны өлшейтін ғылым – геометрия. Судың ағысы, тамшысы ертеден уақыт есебі болған. Су сағаты, судың суықтың қасиеті әр нәрсенің ауданын, көлемін (Архимед заңы) есептеуге қолданылған. Осыларға қарағанда заттардың бөлшектерін есептеуші ғылым арифметика-алгебра ең әуелі осы тектес заттарды өлшеуге арналған. Ал соған сәйкес бар есептің басы да – арифметика. Ауаның қозғалыс бейнесі – оның дыбысы. Дыбыстардың ең жоғары қасиетті түрін зерттеуші ғылым музыка. Осылайша Әд-Машани Әл-Фараби ұстанымдарын зерделеп жеткізген.

Ұлы ғалымның физикалық-химиялық саладағы зерттеуінің бірі Әл-Фарабидің Теміртект саны туралы пікіріне қысқаша шолу жасасақ. Әлемді құраушы заттардың ең күрделі маңызды элементтің бірі темір деуге болады. Түркі қазақ дүниесінде темірге байланысты ұғым көп-ақ. Адамзат баласы үшін аспанның кіндігі болып тұрған жерді Темірқазық дейді. Қарапайым өмірдегі мықтылықты темірмен байланыстырып темірдей мықты екен деп бағалайды. Темір тон, темір сауыт деп темірдің мықтылығын тағы бір ерекшелік қояды. Ал адам қанының құрамында темір бар. Сол темір атомдарының арқасында адам дем алады. Өмірдің тынысы темірмен тығыз байланысты. Темірдің физикалық-химиялық қасиеті жағынан темір ядросы ең мықты, берік ядро. Аспан әлемінде темір ядросы тозақ түрінде жиі кездеседі. Жерге түскен метеориттердің көпшілігі темірлі.

Шығармашылы ғалым Ақжан Әл-Машани айтулы ұстаздың ғылыми қисындарын (теорияларын) интеграциялық аспектіде қарастырып, зерделенген. Біз мектеп оқулығын жазу барысында осы ғалымның ғылымдар арасындағы сабақтастықты, өзара біріктіру әдісін, техникасын басшылыққа алсақ ұтарымыз көп. Қазіргі мектептерде оқу үдерісін интеграциялау ұстанымдары негізге алынып тұрған тұста болашақ педагог-мамандарды даярлау ісінде жоғары оқу орындарында интеграциялау қағидаларына ерекше назар аудару қажет деп санаймын. Жоғары оқу орындарында оқу жоспарларына ғылыми пәндерді интеграциялау жүйесін енгізуге бағдарлануы қазіргі заман сұранысы. Себебі орта білім беру мазмұнының енгізілуі педагогикалық мамандар даярлайтын ЖОО-да оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жаңаландыру уақыт талабы болып отыр. Бұрынғы дәстүрлі арнайы курстарды бөліп оқыту тиімсіздеу болуы мүмкін. Сондықтан да, ғылыми пәндердің жекелік сипатын сақтай отырып, оларды біріктірудің ұтымды, тиімді, оңтайлы жолдарын қарастыру маңызды болып

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

Университетімізде рухани жаңғыру аясында бірқатар онлайн мәдени шаралар ұйымдастырылды. Соның бірі Жастар департаментінің бастамасымен шығыс ойшылы Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғасы» атты арт-фестиваль өтті.


Жоба жетекшісі – Х.Досмұхамедов атындағы АТМУ доценті, ҚР Суретшілер Одағының мүшесі Камила Жапалова. Арт-фестиваль өткізудегі басты мақсат – ұлы тұлғаның шығармашылығын сурет тілінде сөйлету, мәдени құндылықтарын қыл қалам көркем өнерімен ұштастыру.

Сонымен қатар, Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен «Әлемнің екінші ұстазы» тақырыбында онлайн семинар өтті. Тағылымы мол семинардың модераторы оқытушы, магистр Э.И. Гиладжева болды. Үш кезеңнен тұратын семинар әл-Фарабидің өмір жолына, шығармашылығына, ұлы ойшылдың әлемге танылған туындыларына, Әл Фарабидің нақылсөздері мен трактаттарына арналды. Ең үздік баяндамаларға Журналистика кафедрасының меңгерушісі М.Т. Мукашева ерекше алғысын білдіріп, жарқын жетістіктердің жалғасуын тіледі.

Рухани апталықтың көшін жалғаған Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының бастамасымен «Әл-Фарабидің рухани әлемі» атты онлайн семинар өтті. Онлайн семинардың спикері Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Философия және саясаттану факультеті, Философия кафедрасының меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Нұрышева Гүлжиһан Жұмабайқызы болды. Әл-Фараби философиясының ерекшелігі, танымдық маңызы, ұлы ойшылға және оны насихаттауға арналып өткізіліп жатқан шаралар, шетелдік және отандық зерттеу жұмыстары жөнінде арнайы дәріс өткізді. Семинарда ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты директорының орынбасары, философия ғылымдарының докторы, профессор С.Е.Нұрмұратов, философия ғылымдарының докторы, профессор А.Т.Тайжанов, С.Сейфуллин атындағы Аграрлық университет кафедрасының меңгерушісі Е.Е. Мұханбетқалиев, Тараз мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі Г.Нұраддин, Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы меңгерушісі ф.ғ.к. С.Б. Аймұратов, ф.ғ.д, профессор Ө.Қ. Бекежан және басқа да семинарға қатысқан көптеген ғалымдар ұлы ойшылдың рухани мұрасы жөнінде өз ойларымен бөлісіп, ф.ғ.к. доцент А.А. Кенжебаев, аға оқытушы, философия магистрі Р.Б. Ертелеева, университет студенттері А.Талғат, А.Насимуллина, А.Телжанова арнайы баяндамалар дайындады. Онлайн семинарға Алматы, Астана, Ақтөбе, Тараз қалалары жоғары оқу орындарынан 100-ге жуық ғалымдар, магистранттар, студенттер қатысып, ұлы ғұламаның шығармашылығын зерттеу мен таныстыру жолдары, оның еңбектерін заманауи ғылыми ізденістермен сабақтастыру жөнінде пікір алмасты.

Әбу Насыр әл-Фараби шығармашылығы – әлем мойындаған үздік туындылардан құралған. Ғылыми мәні зор, жастарды ізденіс пен ұмтылысқа шақырған ғұламаның еңбектерінің маңыздылығы жоғары.

Баспасөз қызметінен



көрегендігімен жасампаздығын байқатады. Әл-Фарабидің математикалық бағыттағы ойларын Әл-Машани зерттеулерін негізге ала отырып, әлем ұстазының тұжырымдарына тоқталсақ.

Әл-Фарабидің математикалық бағыттағы ойларын Әл-Машани «АБЖАД»-пен байланыстырады. «АБЖАД» – араб әліпбиіне негізделген есептеу әдісі. Әл-Фарабидің сан аттары деген ұғыммен Әл-Машани математика тарихына өз еңбектерін мұра еткен. Ол сан аттары: біріншісі – аспан шырақтарының күн сәулесі, екіншісі – дыбыс туралы, үшіншісі – темірге байланысты сан. Арғы терең мағынасына көз жіберетін болсақ, бұл екеуінің басын қосатын бір ғана нәрсе – әлемнің

қала бермек. Әл-Фараби дәуірінен бері жалғасқан ғылымдардың интеграциясы заман уақытына сай жаңғырып, өңделіп, жетіліп, ел пайдасына қызмет етуі қажет-ақ.

Ұлы бабамыздың 1150 жылдығын атап өтуде осы мәселелерді естен шығармасақ екен. Жігерлі жастарға Ұлы ғалым дүниесін терең тану, талмай ізденуге Әл-Машани мұрасы басты бағдар болары анық.

Ғабит ҚАБЕКЕНОВ,
PhD доктор,
Жас ғалымдардың мемлекеттік
стипендиясының иегері
(2010 ж)

МЕНИҢ АТАМ МАЙДАНГЕР БОЛҒАН

Әр жыл сайын 9 мамырда еліміз Ұлы жеңіс мерекесін үлкен деңгейде атап өтеді. Тәуелсіз бейбіт елімізде болашағымыз жарқын боп өмір сүріп жатқанымыз аталарымызбен әжелеріміздің ерлігі екенін кішкентай баладан еңкейген қарияға дейін бәрі біледі. Жауға жанымен де, қанымен де қасқая қарсы тұрып, от пен өлімнен қорықпай, үлкен ерлікпен келіп жеткен жеңістің әр мерекесінде соғысқа қатысқан әрбір қазақ солдатты үшін мен де тебіреніп, тағзым етемін. Тіпті өзімнің отбасым мен ата-анамда осынау мерекені жыл сайын үлкен құрметпен күтеді, өмірден өткен бабаларымызды еске алып, жанарларына бір сәт жас іркіледі. Сол бір сұрапыл соғыста елімізді жаудан қорғау үшін қаншама қазақ солдаты жап-жастай қыршын кетіп, елге оралмады. Ана ұлынан, бала әкеден, әр шаңырақ тірегінен, асыл жарынан айырылып, соғыс сан мыңдаған жандардың жүректеріне айықпас жара салды.

Осы бір жыл сайын атап өтілетін Жеңіс күнінде менің де жан сарайымда сағыныш оты маздайды. Өйткені, Ұлы жеңістің 75-жылдығы қарсаңында атамның әкесі туралы сағыныш хатын жазбақпын. Нағашы атам Шамсутдин Ермеков 1922 жылы Атырау облысы Махамбет ауданына қарасты Бақсай кеңшарында дүниеге келген. Ол кісі бір үйдің бас көтерген жалғыз ұлы еді, өзінен кейін бір қарындасы болған.

Ұлы Отан соғысы басталғанда атамыз орта білімімен сол кеңшарға есепші боп жұмысқа орналасқан. Алайда тұтқиылдан шабуылдаған жаудан елімізді қорғау үшін 1941 жылдың желтоқсанында әскерге алынып, Оңтүстік батыс майданына сақылдаған аяз бен қарша бораған дұшпан оғына қарсы тұрып елін қорғау үшін жан аямай соғысады. Кейін Сталинградты қорғаудың кескілескен шайқастарына қатысқанда нағашы атам Ермеков Шамсутдин бар болғаны жиырма жаста болған екен. 1943 жылы Орел-Курск маңында жауға қарсы шабуылға шығып ерлік көрсетсе, 1944 жылы 5-екпінді армия құрамында Ясса-Кишинев шабуылына, 1945 жылы I Беларусь майданына қатысып, еліміздің әр сүйе жері үшін жанын салады. Қатардағы жауынгер Шамсутдин Ермековтің соғыс деректерін, ерен ерліктерін растаған

құжаттарда ол Оңтүстік Батыс, Сталинград, Брянск, III Украин, I Беларусь майдандарында 396-дивизия, 266-дивизия құрамдарының 725, 446, 18-ші атқыштар полкінде бөлімше командирі, менометтерді атудың нысаналық өлшемдерін есептеуші, реттеуші қызметтерін де жетік меңгерген. Ұлы Отан соғысындағы ерліктері үшін «Қызыл Жұлдыз» ордені, «Жауынгерлік Қызыл ту», Бірінші дәрежелі Отан соғысы ордені, «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін» медалдарымен марапатталған.

Осының ішінде Бірінші дәрежелі Отан соғысы орденін алған кезде де неміс фашистері пулеметінің көзін жойып, олардың зениттік қондырғысын істен шығарып, 15 солдатын жер жастандырғаны үшін берілген екен. Менің атамның, сол кездегі 19 дағы жап-жас қазақ жігітінің бойындағы елді, жерді қорғаудағы ерлігін аманнан тыңдап, газет қиындыларынан оқыған уақытта көзіме еріксіз жас келіп, осындай батыр аталар мен әжелерден тараған текті ұрпақ екенімді білгенде бір сәт жүрегімді мақтаныш кернейді.

Тарих беттеріне көз жүгірте отырып, атамның жас солдаттарды жігерлендіріп, жеңіске жетелеген Владимир Ливанов, Николай Косуля сияқты жауынгерлермен бірге майданға шыққанын сол кездегі сарғайған газет қиындыларынан оқып, білдім. Бұл екі солдатқа да Кеңестер Одағының Батыры атағы берілген.

Нағашы атам 4 жыл бойы майдан дала-сында болып, соғысты Берлинде аяқтап, елге аман оралған. Соғыстан кейін Кеңшардағы бұрынғы қызметіне кірісіп есепші, бас экономист болған. Әжем Доцатова Шархат екеуі 9 ұрпақ өмірге әкелген. Ұл-қыздарының тұңғышы Құндыз (өмірден), Евгения, Сара, Райхан, Надежда, Шарафутдин (марқұм), Аглая, Нұрлан, Элеонораны тәрбиелеп өсірген. Әжеміз 1927 жылы туған, соғыс жылдарында майдангерлердің жеңіске жетуіне өлшеусіз үлесін қосып, тылда еңбек еткен, кейін жас жеткіншектерді тәрбиелеуде білімін арнаған ардагер ұстаз.

Сол асыл әжеміздің айтуынша біздің атамыз өте талапшыл, өтірік айтуды жаны жек көретін, бала десе жаны бөлек, бір сөзді парасатты, көреген жан болған. Өте балажан,



көрегенді де ақылды адам еді. Орыс тілін де жетік меңгергені соншалық, майдандас орыс жауынгерлерімен бір шайқаста болып, орыс әдебиетімен сусындап, өзінен өрбіген қыздарына Евгения, Элеонора, Надежда, Аглая сияқты орыс қыздарының есімдерін қойған екен. Соның ішіндегі Евгения менің анам, ерліктерін сөз еткен атамнан қалған көзі десе де болады. Ата, әжем бүгіндері арада болмаса да, олардың әрбір ісі біз үшін зор мақтаныш. Алайда арада қанша жылдар өтсе де ерлік ешқашан ұмытылмайды.

Ерлікке тағзым ету бүгінгі ұрпақ борышы. Демек, мен де майдангерлер сыйлаған осы бір жарқын өмірдің бақытты ұрпақтарының бірімін.

Бүгіндері жастарға білгенімді үйретіп, елімізге үлес қосар саналы ұрпақ тәрбиелеу үшін Экономика және құқық факультетінің Қаржы және есеп кафедрасында оқытушы ретінде еліміздің болашағы үшін өз үлесімді қоса бермекпін.

Самал АЛЬДЕШОВА,
Экономика және құқық факультетінің
Білім беру жұмыстары бойынша
декан орынбасары, магистр

АРДАГЕРЛЕР-АЛЫП ҚЫРАНДАР

Ардагерлерім, ержүрек ерлер,
Елім деп жаны елжірегендер.
Бейбіт күн сыйлап ұрпақтар үшін,
Жалау боп көкте желбірегендер.

Арай боп алдан күліп келгендер,
Ортасында оттың жүріп келгендер.
Құлазып көңіл қалғанда солып,
Қайратпен оған үміт бергендер.

Күн болып көктен нұрын төккендер,
Далаға көктем гүлін сепкендер.
Бүлдіршіндерім, тыныш ұйықта деп,
Тыныш аспанның түнін күткендер.

Мәңгілік от боп жанып тұрғандар,
Қараңғылықты жарық қылғандар.
Ардагерлерім, ардақтыларым!
Шыңдарда жүрген алып қырандар!

Ф. Мұсаұлы

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі



АРДАГЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ

Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталғанына да 75 жыл толды. Жылдар жылжып, сол сұрапыл кезеңнен алыстаған сайын, бейбіт күн сыйлаған батыр бабаларымызға және тыл ардагерлеріне деген құрметіміздің еселене түсері анық.



Осыған орай, университетіміздің «Ерлікке тағзым» жобасында Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің құрметті профессоры, тарих ғылымдарының докторы Қыдыралин Үркінбаймен сұхбат өткізген болатынбыз.

Ол 1932 жылы 22 қазанда қазіргі Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы, Қызылтаң колхозы, 20 ауылда дүниеге келді. 1940 жылы Тұщы бекелді мекенінде 1-ші класс бітірді. 1949 жылы Таушық орта мектебінің 8 класын бітіріп аудандық атқару комитеті төрағасының хат таситын курьері, кейінен секретарь – машинист болып қызмет атқарды. 1949 жылдың қыркүйек айынан Гурьев педагогика училищесінің бірінші курс студенті болып қабылданды. 1952 – 1955 жж. Кеңес Армиясы қатарында болды.

1956 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне түсіп, оны 1961 жылы ойдағыдай бітіріп шыққаннан кейін Маңғыстау ауданының В.И. Ленин атындағы орта мектебіне тарих пәнінің оқытушысы болып тағайындалды.

1963 жылы Гурьев педагогикалық институтына оқытушылық жұмысқа шақырылып, тарих-филология факультетінде оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор қызметтерін атқарды. Гурьев педагогикалық институты, бүгінгі Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде 55 жыл табан аудармастан үздіксіз еңбек етті. 1975 жылы Алматы қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институтында «Маңғыстау қазақтарының қазан төңкерісіне дейінгі мәдениеті мен тұрмысы» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ал 1997 жылы осы институттан «Маңғыстау қазақтары: этнологиялық зерттеу» атты докторлық диссертациясын қорғады. Қазіргі таңда еліміздегі этнология ғылымы саласындағы бірден – бір беделді ғалым болып табылады.

1977 жылы КСРО Жоғары білім министрлігі жанындағы Жоғары аттестациялық комиссиясының шешімімен Мәскеуден доцент, 2000 жылы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Жоғары аттестациялық комиссия шешімімен Алматыдан тарихтан профессор атақтарын алды. 80 жасқа толуына орай профессор Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Құрметті профессоры» атағы

берілді.

Үркінбай Қыдыралиннің 300-ге тарта ғылыми және ғылыми – танымал еңбектері отандық және шетелдік басылымдарда, соның ішінде Tompson Reuters, Scopus базаларына еңген ғылыми журналдарда, жинақтарда жарияланды. Олардың



«Маңғыстау қазақтарының қазан төңкерісіне дейінгі мәдениеті мен тұрмысы: тарихи-этнографиялық шолу». Ақтау, 1995.

«Маңғыстау қазақтарының дәстүрлі шаруашылығы». Алматы, 1999.

«Маңғыстау қазақтарының мәдениеті мен әдет-ғұрыптары: тарихи-этнографиялық зерттеу». Атырау, 2002.

«Маңғыстау қазақтарының тұрмысы мен мәдениетінің ерекшеліктері. Оқу-әдістемелік құрал». Атырау, 1999.

«Методика и техника научного исследования» (Ғылыми зерттеудің методикасы мен техникасы). Оқу-әдістемелік құрал. Атырау, 2006.

қатарында 3 монографиясы, 2 оқу – әдістемелік құралдары бар.

Профессор Ү. Қыдыралиннің ғылыми еңбектері негізінен тарихи-этнологиялық мәселелерді зерттеуге арналған. Ғалымның басты тақырыбы – Қазақстанның батыс өңірінің, Маңғыстау қазақтарының этнологиясы мен этнографиясы.



Өзінің кәсіби дайындығын жетілдіруге мән беріп, 1980 жылы Ленинград қаласында А.И. Герцен атындағы Мемлекеттік педагогикалық институтында, 1990 жылы Мәскеудегі В.И. Ленин

атындағы Мәскеу мемлекеттік педагогикалық институтында тағылымдамалардан өтті. Көп жылдары ғылыми ізденіспен Мәскеу, Ленинград, Алматы қалаларындағы орталық мемлекеттік архивтері мен ғылыми кітапханаларға іс – са-

музейі ғылыми кеңесі мүшесі болды.

Профессор Ү. Қыдыралин Гурьев облыстық, қалалық партия, облыстық атқару комитеттерінің, Атырау облысы әкімшіліктің, облыстық және Бүкілодақтық «Білім» қоғамының, ҚР БҒМ, басқа да мекемелердің көптеген Құрмет грамоталарымен, «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері», Қазақстан Республикасы Ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін, төс белгілерімен, «Еңбек ардагері», «Ұлы Отан соғысы Жеңістің 60 жылдығы», «Ұлы Отан соғысы Жеңістің 65 жылдығы», «Жеңістің 75 жылдығы» медалдарымен марапатталды.

Танымал тарихшы, этнограф ғалымның өмірбаяны мен еңбегі туралы ақпараттар «Қазақ жерінің зиялы азаматтары. Почитаемые люди земли Казахской» атты көп томдық өмір дерек басылымның 7 томында (Алматы, 2007), «Атыраудың 100 ардақты ардагерелері» энциклопедиясында (Атырау, 2019), «Атырау», «Маңғыстау» облыстық энциклопедияларында жарияланған.

Үркінбай ағайымыз жастайынан спорттық гимнастикамен айналысып, бүкілодақтық спартакиадалар жарыстарына қатысты, қазіргі кезде де ғалым – ұстаз белсенді өмір салтын жүргізеді.

Ғалым Ү. Қыдыралин отбасылы, марқұм зайыбымен үш ұл мен бір қыз тәрбиелеп өсірген, олардың бәрі де тиісінше білім алған, үйлі – баранды. Үлкенқызы Жанна Үркінбайқызы Қыдыралина – көрнекті ғалым, тарих ғылымдарының докторы, профессор, көп жылдары Астанадағы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, ҚР БҒМ Ғылым Комитетінің Мемлекет тарих институтында басшылық қызметте жауапты жұмыстарды атқарды. Қазіргі таңда Х. Досмұхамедов атындағы мемлекеттік университетінде ғылыми – зерттеу институтын басқарады.

Сұхбат барысында ардагер ағамыз соғыс жылдарындағы өскен өңірдің бейнесі, күнделікті өмірі мен тылдағы тірліктің ерекшелігін еске ала отырып айтып берді. Сонымен қатар, балалық шағымен тұспа тұс келген соғыс уақытының ерте есейткені туралы сыр шетті.

Ардагер жеткен жетістіктерімен бөлісіп, ғалым ретінде қалыптасқан Атырау университетіне 70 жыл толуымен құттықтап, университет ұжымына, ыстық ықыласын білдірді.

Назерке ЖАҢБЫРБАЙ



АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЕРІНБЕ

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Абай - қазақтың шамшырағы» атты Абайдың шығармашылығына арналған онлайн дөңгелек үстел өтті. «Zoom» бағдарламасында жүзеге асырылған Іс-шараға университетіміздің білімді, талапты студенттері аса белсенділікпен қатысты. Осы шара аясында Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің «Журналистика» кафедрасының жанынан ашылған «Жалын» жас журналистер ұйымының ұйымдастыруымен «Абай әлемі» атты онлайн семинар болды.

Университетіміздің профессор – оқытушылары, факультет деканы, кафедра меңгерушісі және журналистика мамандығының студенттері қатысқан конференция жұмысы төрт бағытты қамтыды. Семинардың кіріспесінде баяндама жасаған журналистика мамандығының 4 курс студенттері Абаева Ақтілек, Рахымғалиева Жаңылхан, Ғарифолла Шырын, Кенжеғали Мерей Абайдың өмір жолына тоқталып, ақынның қоршаған дүние табиғат сырларын ашудағы шығармаларын талдады. Сонымен

қатар, 3 курс студенттері Сарсенова Асылай, Нұрғалиева Айкөркем, Есенғалиева Дания, Жұмагелдиева Толғанай ұлы кемеңгердің шығармаларының бүгінгі ұрпаққа берер өнегесі, тәлімі мен тәрбиесінің мол екендігін жеткізді. Өз кезегінде баяндама жасаған Журналистика мамандығының 2 курс студенті Жексенова Нұрай дана ойшылдың еңбектері хақында М. Әуезов пен басқа да жазушылардың асыл сөздің зергері саналған ұлы кемеңгердің әрбір қара сөздеріне, шешендік толғаныстарына

тоқталып өтті. Ұлы кемеңгер айтқандай жанның тазалығы оның сұлу көркемдігінде екендігін, сондықтан ішкі жан дүниесі мөлдір адам ғана ешқашан қателікке ұрынбайтынын, адамның бақыты оның жүрегінің тазалығымен тығыз байланысты екендігі жөнінде әсерлі ойлар баяндалды. Ал, 1 курс студенттері Сатымова Айдана, Алпысбай Ақбаян ақын өлеңдерінің ішкі мазмұны мен түрі, көркемдік бітімі жағынан да шоқтығы биік тұрған үздік туындылардың ерекшелігін айтып өтті. Әсіресе, ақынның мысал өлеңдеріндегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін сатиралық бейнелеудің көркемдігі болашақ жас журналистердің таңданысын туғызды.

Қорыта келгенде, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы А. Құнанбаевтың «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалан» деген өлең жолдары бүгінгі жас ұрпақтың жарқын болашағына бағдаршам болар даналық пен кемеңгерліктің айқын көрінісі. **Өз тілшімізден**

#JUMEKEN85

ЖҰМЕКЕННІҢ СЫРҒА ТОЛҒАН ЖЫР КӨШІ



Ақын, ҚР Әнұранының авторы, ұлт жанашыры Жұмекен Нәжімеденовтің 85 жылдығына арналған ауқымды жобалар жүзеге асырылып келеді.

Жүйелі жобаның бірі – «Қазақстан Атырау» телеарнасының ұйымдастырған жыр эстафетасы. Поэзияның тұңғызына еркін жүздіріп, әдеби әлемнің жауһарымен байытатын Жұмекеннің өлеңдері сырлы дүниеге толы.

Осындай рухани жыр көшін Қазақстанның әр өңірінен Жұмекен жырын сүйер оқырмандарға эстафетамен жолдау дәстүрге айналды.

Соның айғағы ретінде университетіміздің ректоры Саламат Нұрмұханұлы ақынның «Ұстаз» атты өлеңін оқып, тағылымы мол жыр эстафетасын «Нұр Отан» партиясы Атырау облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Нұрлыбек Ожаевқа және Ақтөбедегі Құдайберген Жұбанов мемлекеттік университетінің ректоры Бауыржан Ердембековке жолдады.

Сонымен қатар, құндылығы зор челлендж университет тарапынан қолдау тауып, профессор-оқытушылар құрамынан да Жұмекен шығармашылығын дәріптеу бағытында өлеңдер жолданды.

Музыка және өнер кафедрасының профессоры, белгілі композитор, музыкант Илья Жақанов поэзия ақтаңгерінің жүрек тебірентер «Жүрегімде бір тамшы қан болса егер» атты өлеңін оқып, эстафетаны ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұловаға жолдады.

Сондай ақ, Имидж және ақпараттық саясат орталығының маманы, танымал ақын Асантемір Қаршығаұлы ақынның таңдамалы туындыларының арасынан «Қошалақ» өлеңін оқып, жыр арнасын жалғауды ҚР Жазушылар одағының төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақыпқа, өлкетанушы, журналист Өтепберген Әлімгерейге, Оралдық ақын Сағынтай Бисенғалиевке, «Дендер» газетінің бас редакторы Жанай Амантурлинге ұсынды.

Жалпы, Жұмекен Нәжімеденовтің еңбектері әлі де зерттеле бермек. Себебі, ақынның әр өлеңі түрлі тың тақырыптарды қамтиды. Поэзия әлемнің сусынына шөлдеген жыр сүйер қауым үшін ақын шығармашылығы таптырмас дүние. Осының өзі Жұмекеннің өзі де, сөзі де, жыры да мәңгі жасайтындығының айғағы.

А. МУТІЕВА
Имидж және ақпараттық саясат орталығының маманы

ШЕТЕЛ ТІЛІН МЕҢГЕРУ - ШЕТ ЕЛДЕРДІ БІЛГЕНМЕН ТЕҢ

70 жылдық тарихы бар университетіміздің білімі мен ғылымына негізделген, білім арқылы аймақтың экономикалық және әлеуметтік дамуы үшін жоғары білікті мамандарды сапалы дайындаумен қамтамасыз ететін Қазақстанның батысындағы жетекші мемлекеттік жоғары оқу орнының Шетел тілі: екі шетел тілі (ағылшын – қытай, ағылшын – француз, ағылшын-неміс, ағылшын – түрік) мамандығының бәсекелестікке қабілетті білім берудің халықаралық талаптарына сай білікті мамандар даярлап келе жатқанына 30 жылдай уақыт өтті.

1992 жылы Атырау облысына шетелдік инвесторлардың көптеп келуіне ағылшын тілі мамандарының тапшылығына орай, сол кездегі университет ректоры Х.Б. Табылдиевтың қолдауымен және Атырау облыстық білім беру басқармасының басшысы Ж.Б.Өмірбекованың тікелей араласуымен осы оқу орнының тарих – филология факультетінде алғаш рет ағылшын тілі бөлімі ашылып, сол жылы ол мамандыққа 28 студент қабылданған болатын.

Бұл арнаулы пәндер бойынша оқу үрдісін сапалы жүргізу үшін үлкен жауапкершілік сол жылдардағы университет оқытушылары К.Я.Капаруллина, Н.В.Найденова, А.Ж.Капакова, В.А.Леоноваға тапсырылды. Алғашқы жылдан – ақ студенттер санының жылма-жыл өсуіне байланысты Абылайхан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар және Әлем Тілдері Университетінен ф.ғ.к. А.С.Елешева, колледж, аудан, қала мектептерінен тәжірибелі мұғалімдер Н.А.Сурина, В.Н.Турушева, А.И.Леонова, А.Т.Тлеугалиева, З.Р.Отарова, С.Қ.Мұхтарова, Н.Б.Абдрахмановалар және шетел тілі: екі шетел тілі мамандығын жақсы бітіріп, болашақта ғылым жолына түскен түлектер Ж.Ж.Нұржанова, Г.А. Туленова, Э.Д.Абдол, А.Т.Теміртасовалар бірден жұмысқа қабылданды.

Студенттерге ағылшын тілін тереңдете білу үшін арнайы шетелден мамандар шақырылып, дәріс беру де дәстүрге айналды. Соның нәтижесінде университетімізде шетел тілі мамандарын дайындау өз нәтижесін берді. 1998 жылдардан бастап еріктілер АҚШ-тан Беверли, Израильдан Ханке Брюс, АҚШ елшілігімен жасалған меморандуммен Д.Нортон, Габриел, Сюзанна, Маккони, Қытайдан Синцзян экономика және финансы университеті, Конфуций атындағы халықаралық тіл білімі институтынан Лю Сиң Фың, Франциядан Личиа Вагини білікті мамандар келіп, университет оқытушыларымен бірлесіп жұмыс жасап, өздерінің озық тәжірибелерін болашақ жас мамандар дайындауға арнады. 2000 жылы АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Ричард Джонс факультет студенттерімен кездесу өткізіп, сапалы мамандармен қамтамасыз етіп жүрген білікті оқытушыларға өзінің ризашылығын білдірді.

Осындай бірлескен еңбектің нәтижесінде, түлектермен өткізілген жәрмеңкелер арқылы Атырау облысының барлық білім беру мекемелері, Назарбаев зияткерлік мектебі, ТШО, НСОС, Шлюмберже, Казтран-ойл, Парсонс, АНПЗ сияқты ірі компаниялар университетімізді бітірген шетел тілі мамандармен толықтай қамтамасыз етілді.

Оған қоса біздің университеттің шетел тілі мамандығын алып шыққан жастарымыз бүгіндері Англия, Германия, Норвегия, Австралия, Ресей, Түркияда басқа да мемлекеттерде еңбек етіп жүр. Сонымен қатар Назарбаев зияткерлік мектебінде №34 лингвистикалық гимназияда, Дарын және №13, 2, 22, 8, 17, 36, 19 мектептерінде еңбек етіп жүрген түлектерімізді де мақтан етеміз. Олардың арасынан «Дипломмен ауылға» бағдарламасы аясында ауыл мектептеріне барып, ұстаз болуды мақсат еткендер де баршылық.

1992 жылдан бастап күні бүгінге дейін күндізгі бөлімнің өзінен 3000-ға жуық түлектер бітіріп шыққан екен. Бұл университетіміздің еліміздің өсіп, өркендеуіне үлес қосар жас мамандарды дайындап шығарудағы үлкен жетістігі болмақ.

қытай, түрік тілдерінен білікті оқытушылар ф.ғ.к. Нұрғалиева М.М., Утеуова А.Б., Бижанова А.С., ф.ғ.к. Хайржанова А.Х., Кунасова А.Н. Уәлібай Н., Ашырханова Қ. дәріс беруде. Оған қоса неміс тілі пәні оқытушылары «Видергебурт» диаспорасымен, Германия елшілігімен, Гете институтымен, ДААД орталықтарымен тығыз байланыс орнатқан.

Кафедраның аға оқытушысы магистр А.Б.Утеуова Алматы қаласындағы Абылайхан атындағы ХҚЖӘТ университетінде PhD-да оқып білімін жетілдіруде. Мамандық түлектері А.Т.Теміртасова Астана қаласынан Назарбаев Университетінің, Э. Е. Адилбаева және А. С. Тлеуова Алматы қаласындағы Абылайхан атындағы ХҚЖӘТ университетінің магистратурасын мақсатты түрде бітіріп келіп, жұмыс жасауда.



1994-1995 жылдары елімізде қазақ-түрік лицейлерінің ашылуына байланысты біздің жоғарғы оқу орнында Түркиядан 12 студент оқып, білім алып шықса, олар да еліміздің әр аймақтарында жемісті еңбек етуде. Ал, Көрші Маңғыстау, Ақтөбе, Орал, Қызылорда, Шымкент облыстарынан, Түркіменстан мен Өзбекстаннан, Қытай елдерінен де ағылшын тілін оқып, үйреніп шығу үшін келген жастар университетімізде өздерінің білімдерін жалғастыруда. Арамызда мамандық алып шыққандардың ішінен ғылым кандидаттары – Нұржанова Ж.Ж.(ЕНУ), Султангубиева А.А. (факультет деканы), Абдол Э.Д. (кафедра меңгерушісі), Сисенбаева А.С., PhD – Исмуратова Ш. және бірнеше магистрлар мамандықтары бойынша жұмыстарын жалғастырып келеді.

Тіпті шетел тілдерін меңгерген студенттерге шетелдерге барып білімін жетілдіруге университет тарапынан үлкен жағдай жасалған. Олар өз білімдерін тексертіп, грант иеленіп, академиялық ұтқырлықпен Оңтүстік Кореяда, АҚШ-та, Қытайда, Францияда, Литвада, Қазақстанның барлық ЖОО-да оқып келу мүмкіндіктеріне ие болды. Кафедрамызда ағылшын тілімен қатар екінші шетел тілдері – неміс, француз,

Осы мамандықты оқып бітірген бір кездегі университет түлегі атанған кафедра меңгерушісі п.ғ.к. Э.Д.Абдолдың «ЖОО Үздік оқытушысы» атануы да кафедра ұжымы үшін үлкен мақтаныш.


Шетел тілін оқытудың заманауи әдістерін үйреніп білу үшін кафедра оқытушылары Малайзия, Англия, Португалия, Германия, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Америка, Египетте тағылымдамадан өтті. Кафедра халықаралық ұйымдар, Британ елшілігімен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды.

Университетімізде шет тіл мамандарына жан-жақты тәжірибе жинақтап, тағылымдамадан өтуге барлық мүмкіндіктер қарастырылған.

Тәуелсіз еліміздің өркендеуіне өз үлестерін қосар болашақ жас мамандарды дайындауда, оларға әлем тілдерін жетік меңгертуде, үш тілділік саясатты жүзеге асырып, көптілді білім алуға өз үлестерін қосып жүрген бүгінгі 30 жылға жуық тарихы бар шетел тілі: екі шетел тілі мамандығы оқытушыларының алар асулары әлі де алда.

Сандуғаш МҰХТАРОВА,
Айман ТІЛЕУҒАЛИЕВА,
Шетел тілін оқыту әдістемесі
кафедрасының аға оқытушылары

Эрфан Шадкам: НЕ ОСТАНАВЛИВАЙТЕСЬ, ПОКА НЕ ДОСТИГНЕТЕ СВОИХ ЦЕЛЕЙ



- Эрфан, расскажите о себе.

- Меня зовут Эрфан Шадкам. Мне 26 лет. Я иранский казах, приехал сюда 3 года назад, чтобы учиться в Казахстане. Кстати, я по роду Адай.

- Отлично. В Казахстане много хороших вузов. Почему Вы выбрали именно наш университет?

- Как я уже упоминал, 3 года назад я учился в Иране, чтобы стать переводчиком на русский язык. Когда я был на первом курсе, в наш университет приехала казахстанская делегация. Поскольку я был единственным казахом, меня направили в качестве переводчика, чтобы поприветствовать их. Я сопровождал делегацию во время визита. Члены делегации были впечатлены моим знанием многих языков и переводческими навыками, поэтому они предложили мне стипендию. Чтобы овладеть специальностью переводчика, я поставил себе цель - однажды приехать в Казахстан и жить в стране моих предков. Вот жизнь и открыла мне путь для воплощения моей мечты, и я принял предложение.

- Вам очень повезло. Наш университет является одним из лучших университетов страны. Довольны ли Вы системой образования выбранного вами университета?

- Да, я очень доволен. Я должен поблагодарить всех моих преподавателей и моих друзей за все, что они сделали для меня. Как иностранцу, мне было тяжело приспособиться к новой обстановке здесь, но сотрудники университета помогли мне обрести уверенность. Поэтому я тоже хочу внести свой вклад в развитие университета.

- Как по Вашему мнению, полностью ли готов Атырауский государственный университет имени Х. Досмухамедова к системе дистанционного обучения, в чем трудности дистанционного обучения?

- Честно говоря, я могу сказать, что подготовка была адекватной. И это было отличное решение во время пандемии. Я считаю это ценным опытом для университета. Первое, о чем я должен упомянуть, это техническая

поддержка сайта, которая нуждается в существенном улучшении. Были некоторые перегрузки, которые беспокоили большинство студентов. Это можно решить, улучшив серверы в университете. Во-вторых, университет должен был купить подписку на увеличение времени для всех сотрудников, чтобы использовать ее эффективно. У нас были ограничения по времени и большое количество студентов в одной группе, которые вызывают определенные проблемы. В-третьих, сотрудники должны были встретиться, чтобы объяснить, как эффективно использовать Zoom и его возможности.

- Каковы результаты дистанционного экзамена, есть ли изменения?

- На мой взгляд, результаты являются адекватными. Имелось, конечно, несколько способов повысить эффективность. Но опять же из-за пандемии это был приемлемый результат. Мне лично понравились онлайн-уроки. Они были очень удобными. Для некоторых, возможно, это было сложновато, но у меня уже есть опыт работы с обучением в таком формате, поэтому я могу получить от него наилучший результат.

- Как насчет состояния общежития, в котором Вы живете?

- Как я уже говорил, люди здесь проявляют ко мне особую доброту. Мне здесь очень комфортно. Иногда комендант готовит для меня вкусные блюда, потому что она знает, что я люблю казахские домашние блюда, и я очень ценю это. Во время этой пандемии я получил большую поддержку от университета. У меня есть несколько своих индивидуальных занятий со студентами, с которыми я занимаюсь, чтобы иметь финансовый доход. Но тем не менее, я очень благодарен за действия руководства и сотрудников университета, которые показывают их доброту и милосердие.

- Поделитесь своими достижениями в университете. Чем Вы занимались, кроме учебы?

- Мои достижения: переводчик и ведущий на английском, персидском, казахском языках во

многих мероприятиях, проводимых в университете, таких как:

1. «XXI Генеральная ассамблея Ассоциации университетов Прикаспийских государств» в 2018 году.
2. В газете «Университет» 2019 году - опубликована статья о трехязычии в Казахстане.
3. 3-е место в национальном конкурсе английского языка, проведенного в Алматы в 2020 году.

- Какой совет Вы бы дали нашим выпускникам?

- Мой совет выпускникам - мыслить нестандартно. Не будьте довольны случайной жизнью, мечтайте о большем и действуйте. Не останавливайтесь, пока не достигнете своих целей. Вы живете только один раз, так что живите так, чтобы не испытывать никакого сожаления в любой момент вашей жизни. В сущности, жизнь очень проста.

- Хотите ли Вы после окончания университета работать в Казахстане?

- Я еще не решил. Может быть, мое путешествие приведет меня куда-то еще. Я путешественник. Я мог бы остаться где-нибудь, но ненадолго. Никто не знает, что нас ждет в будущем.

- Какой вклад Вы могли бы внести для нашего университета в будущем?

- Я пока понятия не имею, но могу гарантировать, что если обстоятельства сложатся хорошо, я внесу свой вклад любым возможным способом.

- Ваше пожелание к 70-летию Атырауского государственного университета им. Х. Досмухамедова.

- Желаю, чтобы университет в ближайшие годы предоставил обществу как можно больше умных студентов, выпускников и достойных граждан.

- Спасибо за интервью, Эрфан. Желаем Вам успехов в учебе и в жизни. Пусть ваши мечты сбываются!

- Спасибо, и Вам всего наилучшего!

**Ақжарқын МУТИЕВА,
Жарқын КЕНЖЕБАЕВА**

«ЕЛІМІЗДІҢ ЕРТЕҢІ ҮШІН ЖАСТАР ІЗДЕНУІ КЕРЕК»

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде шетелдік студенттер қатарында Қытайдан келген жастар да білім алуда. Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты университет жатақханасындағы студенттеріміздің қазіргі жағдайын біліп, олардың бірін әңгімеге тартқанбыз. Газетіміздің бүгінгі санындағы сұхбатымыздың кейіпкері университеттің «Көптілді білім беру» факультетінің студенті - Жасар Нұрданбек.

Өзіңіз туралы толығырақ таныстырып өтсеңіз?

- Мен Жасар Нұрданбекұлы 1997 жылы Қытай Халық Республикасы Шыңжаң-Ұйғыр Автономиялы Республикасының (ШУАР) Іле Қазақ облысы Күнесті ауданы Бестөбе ауылында қарапайым малшы отбасында дүниеге келдім. Жаз жайлау, қыс қыстауға көшкен ауыл тірлігі мені ерте есейтіп жіберді. Бастауыш орталау толық орта сыныптарын Күнесті ауданында тәмамдап, 2015 жылы Құлжа қаласындағы Іле педагогика университетінің Музыка мамандығына қабылдандым. Сол жылы желтоқсан айында Хакім Абайдың 170 жылдығына арналған Халықаралық жыр мүшәйра бәсекесінде бас жүлдесін еншіледім. Сол жүлденің жетегінде 2016 жылы өз еліме оралдым. Қазіргі таңда Атырау облысында тұрамын.

Сіздің Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетін таңдауыңызға не себеп болды?

- 2017 жылы маусым айында Ақтөбе қаласындағы өткен «Қазақстан - атажұртым, қасиетім - ана тілім» атты Иран, Ресей, Монғолия, Өзбекстан, Қытай елдерін қамтыған Халықаралық әдебиет олимпиадасына қатысып, бас жүлде еншіледім. Осы жеңісіме орай маған Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының гранты бұйырды.

Бүгінгі таңда өзіңіз білім алып жатқан оқу орнының білім беру жүйесіне көңіліңіз тола ма?

- Біз даму үстіндегі ел болғасын әрине дамыған елдермен деңгейін салыстыруға келмейді. Бірақ өзіндік ортасында өз орнымен беделіне ие болған университетіміз көп жағдайда еңсесі биік. Мысалы, академиялық ұтқырлықпен шетелдерде білім алуға және еліміздің басқа қалаларында білім жетілдіруге мүмкіншіліктер қаралған. Мен өзім 2019 жыла дәл осы жоба бойынша Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде бір маусым білім алып келдім. Осыдан-ақ білім беру жүйесінің жоғары деңгейде екені белгілі.

Сіздің ойыңызша, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті қашықтан оқу жүйесіне толықтай дайын ба, қашықтан оқуда қандай қиындықтар кездесті?

- Әрине, алғашында біраз қиындықтар туындады. Қашықтан оқу толықтай көңілден шығу үшін өзімізге де біраз жұмыстар жасау керек болады.

Қашықтан тапсыратын емтиханның нәтижелері қалай, өзгеріс бар ма?

- Әрине өзгеріс бар. Өйткені бәрі бір ортада болмағасын түрлі кінәрат кездеседі, бірақ әркімнің өз дайындығына байланысты өзіне тиісті нәтижеге қол жеткізді.

Тұрағыңызға айналған жатақхана жағдайы жайлы ма?

- Арман арқалап келген әрбір студент үшін бұл жатақхана өз үйлері іспетті. Себебі, шетелден келген кейбір азаматтарға осында тұрғалы 3 жылдан асты. Комендантымыз Айман апай бәрі өзінің баласындай болып кеткен студенттерді бірінен-бірінен кем көрмейді. Университет басшылығы тарапынан барлық жағдай қамтылған. Осы карантин кезінде де біздің ағай, апайлар бәріміздің амандығымызды біліп тұрды. Біз үшін барлығының орны бөлек, ол кісілерге алғысымыз шексіз.

Соңғы кездегі университет көлемінде жүріп жеткен жетістіктеріңізбен бөліссеңіз.

- Ең алғашқы жетістігім 2017 жылы қазан айының 30-жұлдызында университетімізде өткізілген «Әбіш оқулары» атты сайыста жүлделі 2-орынды алдым. Сол жылы желтоқсан айында Атырау облысының Тәуелсіздік туралы жыр мүшәйрасында бас жүлдені еншіледім. 2018 жылы Алматыда өткен «Абай әндері» байқауында «Сері әнші» номинациясын алдым. 2018 жылы желтоқсан айында Мұрат Мөңкеұлының 175 жылдығына арналған «Ұлы даланың ұлағаты» атты облыстық ақындар айттысында үшінші орын және 100 мың теңге ақшалай сыйлық алдым. 2019 жылы «Харекет» қайрымдылық қорының ұйымдастыруымен «Жігіт сұлтаны» жобасының бас жүлдесін еншіледім. Тағы басқада үлкенді кішілі жетістіктер болды.

Мектеп бітіруші түлектерге қандай кеңес бересіз?

- Әрбір киелі шаңырақтың түлектері болған ұлықты ұлдарға, қылықты қыздарға арман дейтін алыс сапарға жол жүрмес бұрын өзінің бағытын айқын меңгерсе екен деймін. Еліміздің ертеңі үшін бүгінгі жастар ізденіп, жан-жақты білім алуы керек.

Өзіңіз түлегі атанатын қара шаңырақ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 70 жылдық мерейтойына айтар тілегіңіз.

- Сан ғасырдың салтын аманаттап, бабаның көшін балаға жалғайтын қасиетті қара шаңырақ болған университетімізді 70 жылдық мерейтойымен құттықтаймын. Жылдар бойы ұрпақтың ұлағатын ұлықтап, шәкіртіне дәріс берген ұлықты ұстаздарыма қартаймас ғұмыр тілеймін. Атыраудай киелі өлкенің атағын Алашқа жеткізетін түлектеріміз көп болсын. Мынау бейбіт заманда білім алып жатқан әрбір студенттердің келешегі нұрлы болуын тілеймін.

Университет басшылығына, барша ағай апайларға жалпы студенттер атынан алғысымыз шексіз.

Назерке ЖАҢБЫРБАЙ



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ

Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті өз тарихын 1950 жылы құрылған мұғалімдер институтынан бастайды. Бұл факультет университетіміздің қарқынды және тұрақты дамып келе жатырған факультеттерінің бірі.



Факультеттің негізгі міндеті:
ғылыми зерттеулерді жоспарлау;
ұйымдастыру және қамтамасыздандыру;
жоғары маманданған кадрларды дайындау;

Оқу үш тілде: қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі.

Оқудың түрлері күндізгі және қашықтықтан оқыту.

Сонымен қатар сіз, аталған факультеттің үздік әрі белсенді студенті атансаңыз, атаулы шәкірақыларға, білім гранттарына және Отандық, шетелдік компаниялардың демеушілігіне ие боласыз. Білім алушылардың академиялық бағдарламасы бойынша еліміздің және шетелдік компаниялардың демеушілігіне ие болады. Білім алушылардың академиялық бағдарламасы бойынша еліміздің және шетелдік жетекші оқу орындарында Англия, Швейцария, Лат-

вия, Чехия, Польша, Венгрия, Ресей білім алуына жағдай жасалу көзделген.

Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің оқытушыларының 80% – біздің университеттің түлектері. Қазіргі таңда факультетте 70 оқытушы, оның ішінде 5 ғылым докторы, 22 ғылым кандидаты, 3 PhD, 38 магистрлер қызмет атқарады.

2019–2020 оқу жылынан бастап экология бағыты бойынша магистранттар университетте оқып, екі мемлекеттің дипломын алуға мүмкіндік туды.

Еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің талаптарын орындау бағытында Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультеті оқу үдерісін ғылым және өндіріспен интеграциялау бойынша жүйелі түрде жұмыс жасап, нәтижесінде филиалдар қызмет етуде.

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультетінің студенті – Бисембай Ақтілек



Мен, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Жаратылыстану және ауылшаруашылық факультетінің биылғы түлегімін. Оқуға 2016 жылы түстім. Студент атанғаннан кейін, белсенді студенттердің қатарында болып, бірнеше ұйымдардың

мүшесі атандым. 1 курста білім алып жүріп, студенттік деканның орынбасары ретінде факультеттің жұмыстарымен айналысып жүрдім. Осындай белсенділік танытып, үздіктер қатарынан көрінгендіктен, университет тарапынан көптеген мүмкіндіктер туды. Атап айтар болсақ, Астана қаласында өткен EXPO көрмесіне барып, көзбен көріп қайттық.

Сонымен қатар, университетте жүріп жеткен жетістіктерім де аз емес. Қарағанды қаласында Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік Университетінде Республикалық олимпиадасына қатыстым. Білім алып жүріп, Қазақстанның төрт бөлігінде болып қайттым. 2 курста білім алып жүріп Қазақстан-Атырау телеканылының ұйымдастырған «Атырау Арманым» атты телевизиялық жобаның қатысушысы атандым. Осы жобалардың барлығына университет тарапынан үлкен қолдау болды.

Біздің университетіміз – әлемнің 600 үздік оқу орындарының қатарынан көрінген батыс өңіріндегі ең үздік оқу орны. Сол үшін, болашақ талапкер, заман талабына сай оқу орнының студенті болуға асығыңыздар, біз сіздерді күтеміз!

Факультет деканы: Абдинов Рауан Шарипбаевич
Байланыс нөмірлері: +7 7122 27-67-52, +7701 738 69 23
Электронды пошта: r.abdinov@asu.edu.kz
Әлеуметтік желі: @zharfac_atgu
Мекен-жайы: 060011 Атырау қ., Студенттік даңғылы, 212, N1 оқу ғимараты, 4 қабат, 417-кабинет



Мамыр айындағы университет жаңалықтарына қысқаша шолу

1 мамыр 2020 жыл

- Имидж және ақпараттық саясат орталығының ұжымдық шығарылымы – аралығындағы «ASU жаңалықтары» кезекті санын шығарды.
- Имидж және ақпараттық саясат орталығының құттықтау-сазды бағдарламасының 27 сәуір – 1 мамыр аралығындағы кезекті саны жарыққа шықты.

2 мамыр 2020 жыл

- Асу Үміт қайырымдылық қоры Рамазан айында аз қамтылған отбасыларға қажетті азық-түлік, керек-жарақтарымен қамтамасыз етті.
- Жүмекен85 челленджін ректор Саламат Нұрмұханұлы жалғастырып, ақынның «Ұстаз» өлеңін оқыды.

4 мамыр 2020 жыл

- Университетіміздегі Ұлттық тестілеу орталығының басшысы Дю-

секенова Айнагүл ҰБТ мен КТ-ге өтініш қабылдау, құжаттар тапсыру жөнінде Қазақстан Атырау және Caspian news телеарнасынан тікелей эфирде сұхбат берді.

- Жастар Департаментінің ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым» жобасы аясында қоғам қайраткері Ғабдісәлімова Мадинамен онлайн кездесу өтті.
- «Ақтаңгер» ақындар клубының бастамасымен «Ойда жүрген он сауал» жобасы аясында композитор Сартбаев Бақытбекпен онлайн ашық сұхбат өтті.
- 2019–2020 оқу жылының емтихан кезеңі онлайн форматта басталды.

5 мамыр 2020 жыл

- Имидж және ақпараттық саясат орталығы ұйымдастырған «Сыр- сұхбат» онлайн радиобағдарламасында Журналистика мамандығының студенті Жақсылық Нұржолмен ашық сұхбат өтті.
- Жастар саясаты департаментінің ұйымдастыруымен «Ұлы

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

Инновациялық білім беру факультеті бүгінгі таңда педагогикалық, арнайы және әлеуметтік бағыттар бойынша мамандар даярлауда.

Инновациялық білім беру факультетінің міндеттері:

- бәсекеге қабілетті кадрларды сапалы даярлау;
- әлемдік үрдістер аясында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мазмұнын жаңғырту;
- ғылыми зерттеулер нәтижелерін және технологияларды коммерцияландыру үшін жағдайлар жасау;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру менеджментін және даму мониторингін жетілдіру.

Факультеттің ғылыми-зерттеу зертханалары:

- Халелтану.
- Баланы дамыту.
- Психологиялық-педагогикалық технологиялар.

Факультет аясында Kids University (Балалар Университеті) - ғылыми-танымдық, оқу-шығармашылық және дамытушылыққа бағытталған қосымша білім бағдарламаларын жүзеге асыратын инновациялық білім беру жобасы жұмыс жасайды.

Сонымен бірге, «Жас психолог», «Жас ғалым» студенттік ғылыми үйірмелер, «Сармат» клубы және Волонтерлар тобы жұмыс жасайды.

Академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша студенттер мен магистранттар шет тілін игеру деңгейін жақсартуға, теориялық білімі мен практикалық дағдыларын тереңдетуге мүмкіндіктері бар.



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Инновациялық білім беру факультетінің студенті Сабырғали Аманат



Мен, 2019 жылы Х.Досмұхамедов университеті Инновациялық білім беру факультеті, дене шынықтыру және спорт мамандығының студенті атандым. Бұл мамандықты тандаған себебім, алдағы уақытта үлкен спортқа жолымды ашып әлемдік ареналарда өнер көрсету және де спортпен айналасуды қалаған жандарға бапкер болу. Бір сөзбен айтқанда, еліміздің дамуына үлкен үлес қосу болды. Осы тұрғыда білім алатын оқу орнын жаңылыспай таңдағанымға қуанамын.

Университетте білім ала жүріп, 2019-2020 жыл аралығында көптеген халықаралық турнирдың жүлдегері атанып, Азия елдері арасында Қазақстан чемпионы атандым.

Биылғы талапкерлерге айтарым, Еліміздің дамуына үлес қосып, білікті маман болам десеңіз АТМУ-ды таңдаңыз!

Факультет деканы Муханбетжанова Ақмарал Утепбергеновна

Байланыс телефоны: 8 (7122) 27-63-11

Электронды пошта: a.mukhanbetzhanova@asu.edu.kz

Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, N1 оқу ғимараты, 232-кабинет



Мамыр айындағы университет жаңалықтарына қысқаша шолу

даланың ұлы тұлғасы» тақырыбында Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған онлайн арт-фестиваль мен Абайдың 175 жылдығына арналған «Абай – қазақтың шамшырағы» атты дөңгелек үстел өтті.

6 мамыр 2020 жыл

• Жастар Департаментінің ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым» жобасы аясында облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қатимолла Ризуановпен онлайн кездесу өтті.

• ZOOM платформасында ҚР Мемлекеттік қызмет Істері Агенттігі, Мемлекеттік қызметтің Астаналық ХАБЫ, ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік Басқару Академиясы және Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті бірлесе отырып ұйымдастырған «Мемлекеттік қызметшілердің қашықтықтан жұмыс істеуі» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

• Имидж және ақпараттық саясат орталығы «Ерлікке тағзым»

жобасы аясында университетіміздің құрметті профессоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Қыдыралин Үркінбаймен сұхбат өтті.

• Жүмекең85 челленджін профессор, композитор Илья Жақанов жалғастырып, ақынның «Жүрегімде бір тамшы қан болса егер» өлеңін оқыды

7 мамыр 2020 жыл

• Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Әлемнің екінші ұстазы» атты онлайн семинар өтті.

• Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің ұйымдастыруымен Отан қорғаушылар күніне орай Әскери кафедра бастығы, запастағы әділет подполковнигі Серік Акировичпен онлайн кездесу өтті.

• Имидж және ақпараттық саясат орталығының ұйымдастыруымен Радио күніне орай радиожүргізуші, тележүргізуші Қоблан

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

Факультет тарихы университет құрылған кезеңнен басталады. 70 жылдық тарихы бар факультетіміздің тарих, музыка, бейнелеу өнері, дизайн, журналистика, дәстүрлі музыка өнері, вокал мамандықтарын облыс көлемінде дайындауда маңызы жоғары.

Факультеттің ғылыми әлеуетінде 8 ғылым докторы, 1 PhD доктор, 20 ғылым кандидаты, 2 мәдениет қайраткері білім беруде.

Факультетте 5 кафедра жұмыс жасайды:

1. Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасы;
2. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасы;
3. Журналистика кафедрасы;
4. Музыка және өнер кафедрасы;
5. Бейнелеу өнері және дизайн кафедрасы;

Факультет студенттері академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында Түркия, Литва, Финляндия, Ресей университеттерінде, еліміздің Астана, Алматы, Ақтөбе, Орал қалаларында оқу орындарында 1 және 2 семестрінде оқып келу мүмкіндігін пайдалана алады.



Факультет деканы: Хамидуллина Динара Улыкпановна
Байланыс нөмірлері: 8 701 563 59 59
Электронды пошта: d.khamidullina@asu.edu.kz
Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, Бас оқу ғимараты, 324-кабинет

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті – Әбілқайыр Бимырза

Мен Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті 2016 жылы Гуманитарлық ғылымдар және Өнер факультеті соның ішінде журналистика мамандығына оқуға түскен болатынымын.

Биыл іргелі оқу ордасын тәмәмдағалы отырмын. Осы төрт жыл аралағында бұл білім ордасында көптеген өзгерістер орын алды. Әрине оның бәрі білім алушы талапкерлерге оң әсерін берді. Осы тұста бізді тәлім тәрбиеге баулыған ұстаздарыма алғысым шексіз. Өз басым университет қабарғасында білім ала жүріп, көптеген жетістіктерге жеттім. Сондықтан білім алуға ұмтылған жанға бұл білім ордасы үлкен мүмкіндік екенін айтқым келеді. Атырау университеті ұжымына шын жүректен алдағы уақытта да толағай табыстар тілеймін.



Мамыр айындағы университет жаңалықтарына қысқаша шолу

Ескендірмен онлайн сұхбат өтті.

• Имидж және ақпараттық саясат орталығының «Поэзия, менімен егіз бе едің?!» атты радиобағдарламасы шықты.

8 мамыр 2020 жыл

• «Жалын» жас журналистер ұйымының ұйымдастыруымен «Абай әлемі» атты онлайн семинар өтті.

• «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесінің меңгерушісі, т.ғ.д., профессор Таңатарова Жамиға Тәжікқызының «Атырау ҰОС жылдарында т.ғ.д. Х.Табылдиев еңбектерінде» атты онлайн тарихи бағдарламасы өтті.

• Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Экономика мамандығының 3 курс студенттері ұйымдастырған «Отан үшін от кешкен батырлардың біз ұрпағымыз» атты мерекелік шара өтті.

• Экономика кафедрасының 2019–2020 оқу жылында Экономика мамандығы бойынша студенттердің дипломалды және өндірістік тәжірибе бойынша қорытынды конференция өтті.

• Ұлы Жеңістің 75 жылдығына орай Экономика мамандығының 1 курс студенттерінің ұйымдастыруымен «Ел мен ердің жеңісі» тақырыбында онлайн семинар өтті.

• Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен Ұлы Отан Соғысы Жеңісінің 75 жылдығына орай Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері Сембай Бердімұратовтың шығармашылығына арналған «Жеңіспен Ақ Жайыққа оралған ұл» тақырыбындағы еске алу шарасы Zoom платформасында өтті.

• Үздіксіз білім беру және мансапты жоспарлау орталығының ұйымдастыруымен ZOOM платформасы арқылы ауыл квотасы және мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алатын бітіруші түлектерімен онлайн-кездесу өтті.

9 мамыр 2020 жыл

• Имидж және ақпараттық саясат орталығының құттықтау-сазды бағдарламасының 4–10 мамыр аралығындағы кезекті саны жарыққа шықты.

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің 70 жыл тарихы бар физика, математика және ақпараттық технологиялар факультеті заман талабына сай мамандар дайындайтын факультеттердің бірі болып табылады.



Факультет ұжымының оқу-тәрбие жұмысы еліміздің жарқын болашағы үшін ынта-жігерімен еңбек ететін білімді де білікті маман дайындау ісіне жұмылдырылған. Факультет ұжымы өз кезегінде Елбасы ұсынып отырған сындарлы саясатты толықтай қолдап, ғылымның әр саласынан да жеткілікті деңгейде хабары бар, кәсіби шеберлік ұстанымдары қалыптасқан, білікті маман дайындау мақсатындағы абыройлы жұмыстарын жалғастыруда.

Факультетте 11 бакалавриат, 4 магистратура бойынша білім алушыларға ғылыми атақ дәрежелері бар тәжірибелі профессор-оқытушылар (ғылым докторы – 5, ғылым кандидаты – 22, PhD – 2, магистрлер – 35) дәріс жүргізеді, ғылыми әлеует 45 %.

Білім алушылардың білікті маман болып қалыптасуы үшін соңғы үлгіге сай материалдық-техникалық база қалыптасқан. Факультет орналасқан ғимаратта екі лектік, акт, оқу және спорт залдары бар. Электр және магнетизм, электротехника, оптика және спектроскопия, электроника және микропроцессорлық жүйелер, ақпараттық технологиялар, астрономия, атомдық физика және ядро, жалпы физика, жылу және молекулалық физика, метрология, стандарттау және сертификаттау, механика, мектептегі физикалық эксперименттің техникасы, физикалық зерттеу лабораториялары мен физиканы оқыту әдістемесі, математиканың оқыту әдістемесі кабинеттері және компьютерлік зертханалар жұмыс жасайды. Оқу, өндірістік тәжірибелерден өту мақсатында

факультеттің арнайы кафедраларының білім беру мекемелерінде, өндіріс орындарында филиалдары бар.

Жылдан-жылға бізді таңдаған талапкерлер саны артып отыр және бітірген түлектерге еңбек нарығындағы сұраныстың деңгейі жоғарылап келеді. Бітіруші түлектер мектептен бастап, одан да жоғары ұйымдарға дейін, үлкен мекемелерде қызмет істейді. Өйткені олар – физик, математик, информатик мұғалімдері мен өндіріске қажетті инженер, технолог мамандар. Пән мұғалімімен қатар ғылыми зертханаларда, ақпараттық технологиялар саласында, телекоммуникацияда, зауыттар мен ірі компанияларда, түрлі техника мен есептеулер саласында еңбек ету біздің түлектердің үлесіне тиесілі.



Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінің студенті – Балташева Асылжан

Білім алу – бұл көп уақыт алатын және көп көңіл бөлуді қажет ететін, өте қызықты процесс. Сонымен қатар, білім алу болашақ өмір жолыңның, кәсіби қызметіңнің қалыптасуына, тіпті, болашақтағы өмір сүруіңнің сапасына да әсер етеді. Сондықтан да, қажетті кәсіби дайындықты алуға болатын жерде білім алу өте маңызды.

Мектеп бітіргеннен кейін одан әрі білімімді туған өлкемдегі беделді жоғарғы оқу орнында жалғастырамын деп, алдыма мақсат қойдым. Армандар орындалады. 11 жыл үздіктер қатарынан көрініп, мектепті «Алтын белгімен» бітірдім. Ұлттық бірыңғай тестілеуден жоғары балл жинап, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетіне қадам бастып, «студент» атандым. Бүгінгі таңда «Математика» мамандығының 2 курсында білім алып жатырмын. Достарымның маған жиі қоятын сұрағы бар: «АТМУ қандай университет?» деген. Мен оларға үш-ақ ауыз сөзбен жауап беремін. «Тәртіп. Тәрбие. Білім.»

Менің университетім – Қазақстанның батысындағы жетекші оқу орындарының бірі. Өзімді Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде өзіндік тарихы мен тәжірибесі бар халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілетті мамандар даярлайтын жоғары оқу орнында білім алып жатырмын деп мақтанышпен айта аламын!



Факультет деканы: Кенжеғұлов Бекет Зинешұлы
Байланыс нөмірлері: 8 (7122) 27 63 41

Электронды пошта: fiz.mat@asu.edu.kz Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, N1 оқу ғимараты, N309 кабинет

Мамыр айындағы университет жаңалықтарына қысқаша шолу

• Zoom платформасында «Информатика» кафедрасының ұйымдастыруымен «Ерлікке тағзым!» атты онлайн тәрбие сағаты өтті.

10 мамыр 2020 жыл

• Қаржы және есеп кафедрасының өндірістік және диплом алды практикалары бойынша қорытынды конференциясы болып өтті.

• Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Ер ерлігі мәңгілік есімізде» атты онлайн куратор сағатын өткізді.

• Математика және математиканы оқыту әдістемесі кафедрасының ұйымдастыруымен «Ер есімі – ел есінде» атты онлайн тәрбиелік шара өтті.

• Журналистика кафедрасының ұйымдастыруымен «70 жылдыққа 70 тұлғамен кездесу» жобасы аясында ақын, ұстаз Төлеген Жаңабайұлымен онлайн кездесі өтті.

12 мамыр 2020 жыл

• Әлеуметтік – гуманитарлық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Әл-Фарабидің рухани әлемі тақырыбында» онлайн семинар өтті.

14 мамыр 2020 жыл

• Атамекен 2019 жылдың рейтингі бойынша университетіміз «Биология» мамандығы бойынша үздік бестіктен, «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығы бойынша үздік үштік қатарынан көрінді.

• Азаматтық құқықтық пәндер мен Қылмыстық құқықтық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен «Карантиндік режим жағдайында заңның сақталуы, жүзеге асырылуы, зардаптары және құқық бұзушылықтар» тақырыбында онлайн кездесу өтті.

• Ұлттық тестілеу орталығы Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті филиалының басшысы Дюсеке-нова Айнагул фейсбук желісінде 2020 жылғы өткізілетін ҰБТ және кешенді тестілеу туралы тікелей эфир өтті.

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

Көптілді білім беру факультетінің миссиясы – Х. Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарына сәйкес және заманауи инновациялық жүйе арқылы, кәсіби мамандарды жаңаша дайындауға бағытталған технологияларды, ғылымның жетістіктерін пайдалана отырып, бәсекеге қабілетті, жоғары білікті көптілді мамандар дайындау.



Факультетте English Only Space шығармашылық орталығы жұмыс жасайды. Бұл орталық шетелге шығушыларға шынайы және өмірлік жағдайларды көрсететін бірегей жабдықтармен қамтылған, ағылшын тілін қарқынды оқуға арналған мамандырылған (әуежай, университет, кітапхана, дүкен, кинозал және т. б.) студия кешені. Практикалық сабақтар лингафон, компьютерлік кабинеттерінде өткізіледі.

English Only Space – Стратегиялық, Инновациялық және Халықаралық Даму Департаментінің дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Мақсаттары мен негізгі міндеттері «English Only Space» жобасының мақсаты ағылшын тілінде жинақталған білімді қолдану және дамыту үшін тілдік орта жасау болып табылады және де ағылшын тілін үйренуде мотивацияны қалыптастырады.

Негізгі міндеттері:

- ағылшын тілін үйренуге деген қызығушылық;

- ағылшын тілін жеделдетіп оқытудың инновациялық әдістерін іс жүзінде енгізу;

- Ағылшын тілін жақсы меңгеру.

Факультетте мыңнан астам білім алушылар оқиды, олардың ішінде ұлты қазақтар мен орыстардан басқа ұлт өкідері де (Түрік, Грузин, Корей, Татар, Осетин, Өзбек) білім алуда.

Білім алушыларға кәсіби біліктілігі мен ғылыми лауазымдары жоғары

тәжірибелі мамандар дәріс береді, олардың 50 пайызы ғылым докторлары мен профессорлары, ғылым кандидаттары мен доценттері.

Көптілді білім беру факультеті ғылыми-педагогикалық кадрлардың білімін арттыру және студенттердің кәсіби деңгейін көтеру мақсатында еліміздің сонымен қатар алыс және жақын шет елдердің жоғары оқу орындарымен ғылыми және оқу-әдістемелік қарым-қатынастар орнатқан. Факультет профессор-оқытушылары мен студенттері Қазақстан, Ресей, АҚШ, Англия, Франция, Германия, Қытай, Венгрия, Латвия, Литва, Турция Болгария, Польша, Испания, Малайзия, Португалия, Қырғызстан, Египет мемлекеттерінде халықаралық академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша іс-сапарда болып, тәжірибе алмасып, курстарға қатысып, біліктіліктерін арттырып отырады.

Факультетте «Аудармашылар бюросы», «Ораторское искусство», «Жас терминолог», «Лингвистика және лингвокультурология мәселелері», «Драма клуб» клубтары жұмыс жасайды. Үйірме жұмысының мақсаты шешендікке, сөйлеу мәдениетіне үйрету сонымен қатар, шетел елшіліктерімен және Атырау қаласындағы шетел компанияларындағы шетел азаматтарымен кездесу, түрлі шетелдік жәрмеңкелерге аудармашы ретінде қатысу, өз білім деңгейлерін көтеру.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің студенті – Жетпісбаева Фариза



Армысыздар құрметті болашақ студенттер!

Мен Филология мамандығының 2 курс студентімін. Өмірдің өзі байланыстан тұрады. Ал менің өнермен байланысымды нығайта түсірген – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті. Бұл университет таңдаулы оқу орындарының бірі. Мен осы оқу ордасында жүріп айтыстарға, мүшайраларға жиі қатысып, шығармашылық тәжірибемді нығайттым. Мен қазіргі таңда Қазақстан айтыскерлер мен жыршы – термешілер одағының мүшесі. Мен Қазақстан Жазушылар Одағының Атырау филиалында редактор қызметін атқарамын.

Егер білім мен өнердің қос қанатында қалықтаймын десеңіздер біздің білім ордамыз сіздерге алтын көпір болмақ.

Факультет деканы: Султангубиева Айгуль Айтмухановна
Байланыс нөмірі: 8 (7122) 27-63-33
Электронды пошта: a.sultangubiyeva@asu.edu.kz
Мекен-жайы: 060011 Атырау қаласы, Студенттер даңғылы көшесі, 212, Бас оқу ғимараты, 428, 430а-кабинет

Мамыр айындағы университет жаңалықтарына қысқаша шолу

15 мамыр 2020 жыл

- Имидж және ақпараттық саясат орталығының құттықтау-сазды бағдарламасының 11-17 мамыр аралығындағы кезекті саны жарыққа шықты.
- Имидж және ақпараттық саясат орталығының ұжымдық шығарылымы – аралығындағы «ASU жаңалықтары» кезекті санын шығарды.
- Имидж және ақпараттық саясат орталығы ұйымдастырған «Сыр сұхбат» онлайн радиобағдарламасында Математика мамандығының 4 курс студенті Мадина Еркіновамен ашық сұхбат өтті.
- ҚР ЖОО арасында Республикалық пән олимпиадасында университетіміздің студенті Рахметоллаева Айдана II орын алды.

17 мамыр 2020 жыл

- «70 жылдыққа 70 тұлғамен кездесу» жобасы аясында «Ақтаңгер» ақындар клубының бастамасымен Қазақстан жазушылар одағының мүшесі ақын Мағиза Құнапияқызымен ашық сұхбат өтті.

18 мамыр 2020 жыл

- Ашық есік күні онлайн түрде басталды. Мақсаты – талапкерлерге мамандық таңдауда бағыт-бағдар беру.
- Инновациялық білім беру факультетінің және Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдар факультетінің ашық есік күні онлайн түрде өтті.
- Имидж және ақпараттық саясат орталығының бастамасымен ұйымдастырылған «Танымал түлектен талапкерге тілек» жобасының кейіпкері – университетіміздің 2009 жылғы түлегі, Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрының әртісі – Қайырлиева Гүлнұр Саясатқызыны болашақ білікті мамандарға шынайы тілегін жеткізді.

19 мамыр 2020 жыл

- Физика, математика және ақпараттық технологиялар факультетінде және Экономика және құқық факультетінде ашық есік күні онлайн түрде өтті.

ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ

19-22 мамыр аралығында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінде Атырау қаласы мен Атырау облысының жалпы білім беретін мектептерінің 11-сынып оқушылары арасында биология, математика, физика, химия, география, информатика, ағылшын тілі пәндері бойынша жыл сайын өткізілетін дәстүрлі олимпиада онлайн режимде өтті.

Оқушылар арасында өткізілген пәндік олимпиада қорытындысы бойынша комиссия шешіміне сәйкес 1 орын алған жеңімпаздар - 100% жеңілдікке, ал 2 орын алған жеңімпаздар - 30% жеңілдікке, 3 орын алған жеңімпаздар - 20% жеңілдікке ие болды.

Олимпиадаға қатысып, жүлделі орындарға ие болған қатысушылар тізімі төменде көрсетілген:

6B05101-Биология және ауылшаруашылығы (биология) мамандығына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің ректор грантына олимпиаданың екі туры бойынша комиссия мүшелерінің шешімімен I орынға Атырау облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназияның 11 сынып оқушысы Сисембаева Фариза Ниязбекқызы, II орынға Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет ауылы Е.Ағелеуов атындағы Махамбет орта мектебінің 11 сынып оқушысы Нұриахмет Гүлнұр Нұрланқызы, III орынға N21 Ж.Жабаев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Жолдасова Арайлым Айбекқызы ие болды.

6B08401-Балық шаруашылығы және ихтиология (биология) мамандығы бойынша I орынға Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Ганюшкин поселкасы М.Әуезов атындағы жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Ерғалиева Аружан Ерболатовна, II орынға Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, Алға селосы Ә. Сәрсенбаев атындағы жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Милана Тұрарбекова, III орынға Атырау облысы, Махамбет ауданы, Бейбарыс селосы Ахмет Байтұрынов атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Ердиар Қожахметов ие болды.

6B05302-Физик-зерттеуші мамандығы бойынша I орынға КММ «Жалпы білім беретін» Қ.Сатпаев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Қадырбек Аружан Сағындыққызы, II орынға КММ «Жалпы білім беретін» N9 орта мектеп

Арсен Сарсенбайұлы, III орынға 11 сынып оқушысы Назымгуль Тайрова ие болды.

6B11101-Туризм және сервис (география және ағылшын тілі) мамандығы бойынша I орынға Атырау облыстық дарынды балаларға арналған мектеп-лицей интернатының 11 сынып оқушысы Саташева Айшуақ Еркінқызы, II орынға Атырау қаласы N3 орта мектептің 11 сынып



оқушысы Крутько Мария Игоревна мен Атырау облысы, Махамбет ауданы, Алға орта мектебінің 11 сынып оқушысы Қырықбаева Айымжан Хамитқызы, III орынға Атырау облысы, Құрманғазы ауданы, М.В. Ломоносов атындағы жалпы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Зарина Абдуллина ие болды.

6B05201-Қолданбалы Экология мамандығы



бойынша I орынға Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Шукралиева Назерке Еркиновна, II орынға Жалпы білім беретін Амангелді атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Жағыпарова Наргиз Ерланқызы, III орынға N21 Жамбыл

Жабаев атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Гилаж Карина Амангелдиевна ие болды.

6B06102 - Бизнес-аналитика және IT жобаларды басқару бойынша I орынға Каспий маңының қазіргі заманғы колледжінің 3 курс студенті Пупыкин Никита Петрович, II орынға Ә.Жангельдин атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Құрмашев Эльдар Артурұлы ие болды.

6B06103-Желілер мен жүйелерді әкімшіліктеу мамандығы бойынша I орынға Каспий маңының қазіргі заманғы колледжінің 3 курс студенті Леонов Владимир Николаевич, II орынға Каспий маңының қазіргі заманғы колледжінің 3 курс студенті Гриневиц Владимир Васильевич ие болды.

6B06101 - Дизайндағы қолданбалы информатика мамандығы бойынша I орынға Каспий маңының қазіргі заманғы колледжінің студенті Исмагулов Алишер Сырымович, II орынға Облыстық дарынды балалар мектеп-интернатының оқушысы Габиржанов Радик Ахатович, III орынға Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық колледжінің 3 курс студенті Мухамбетжанова Диана Суюмбайқызы ие болды.

6B07101 - Көмірсутектердің химиялық технологиясы (химия пәні), мамандығы бойынша I орынға Атырау облысы, Индер ауданы, М.Мөңкеұлы атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Темірханова

Ақбөбек Даниярқызы, Атырау облыстық дарынды балаларға арналған ұлттық гимназиясының 11 сынып оқушысы Тілегенов Айсұлтанбек Абайұлы, III орынға Атырау облысы, Махамбет ауданы, Махамбет селосы, Е.Ағелеуов атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы Зинорова Нұрайым Мұратбековна ие болды.

6B05401- Қолданбалы математика мамандығы бойынша I орынға N 26 С.Датов атындағы орта мектептің 11 б сынып оқушысы Жексенова Назира Кенжебаевна, II орынға Ж.Досмұхамедов атындағы орта мектептің 11 б сынып оқушысы Саматов Асылбек Саматұлы, III

орынға Исатай ауданы, Жанбай селосы, Хамидолла Наубетов атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Жолдасқалиева Аружан Жолдасқалиқызы ие болды. Жүлделі орын алған жеңімпаздарды құттықтаймыз!

Баспасөз қызметінен

Мамыр айындағы университет жаңалықтарына қысқаша шолу

- Имидж және ақпараттық саясат орталығының бастамасымен ұйымдастырылған «Танымал тұлғадан талапкерге тілек» жобасының кейіпкері – университетіміздің 2010 жылғы түлегі, танымал айтыскер ақын Шалқарбай Ізбасарұлын жүрекжарды тілегін жолдады.

- Университетімізде талапкерлер үшін оқуға құжаттарды онлайн қабылдау басталды.

20 мамыр 2020 жыл

- Көптілді білім беру факультетінде және Гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінде онлайн түрде ашық есік күні өтті.

- Имидж және ақпараттық саясат орталығының бастамасымен ұйымдастырылған «Танымал тұлғадан талапкерге тілек» жобасының кейіпкері – университетіміздің 2016 жылғы түлегі, әнші Айбар Ғаниұлы болашақ талапкерлерге арналған ақ тілегін білдірді.

21 мамыр 2020 жыл

- Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының корпоративтік

заңгері Даулетбаева Айнагул заңнамадағы өзгерістер туралы баяндады.

- Имидж және ақпараттық саясат орталығының бастамасымен ұйымдастырылған «Танымал тұлғадан талапкерге тілек» жобасының кейіпкері – университетіміздің 1988 жылғы түлегі, Атырау облыстық білім беру саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы Сатқан Ыбырайұлы мектеп бітірушілерге пайдалы кеңес беріп, сәт-сапар тіледі.

22 мамыр 2020 жыл

- Имидж және ақпараттық саясат орталығының ұжымдық шығарылымы – 18 – 24 мамыр аралығындағы «ASU жаңалықтары» әлеуметтік аудиторияны ақпараттандырды.

- Имидж және ақпараттық саясат орталығының құттықтау-сазды бағдарламасының 18-24 мамыр аралығындағы кезекті саны жарыққа шықты.

Х.ДОСМУХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ

АТЫРАУСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Х.ДОСМУХАМЕДОВА

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ЖӘНЕ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТІ

БАКАЛАВРИАТ

6В01504-Инженерлік профиль бойынша химия пәні мұғалімі
6В01505-Биология пәні мұғалімі
6В01506-География пәні мұғалімі: қосымша мамандандырылған географ - өлкетанушы
6В01507-Химия және биология пәндерінің мұғалімі
6В01510-География және тарих пәндерінің мұғалімі
6В05101-Биология және ауылшаруашылығы
6В05201-Қолданбалы экология
6В05301-Химиялық талдау және сараптама
6В07101-Көмірсутектердің химиялық технологиясы
6В08101-Егіншілік және жылқы шаруашылығы
6В08201-Мал дәрігерлік негізіндегі мал шаруашылығы
6В08401-Балық шаруашылығы және ихтиология
6В08601-Су ресурстарын кешенді пайдалану
6В1101-Туризм және сервис

МАГИСТРАТУРА

7М05101-Биология микробиология негіздерімен (1 жыл, 2 жыл)
7М05201-Қолданбалы экология (2 жыл)
7М05202-Табиғи ресурстарды басқару және қоршаған ортаның инспекциясы (1 жыл)
7М05203-Экологиялық менеджмент және аудит (1 жыл)
7М05301-Химиялық талдау және мұнайхимиялық синтез (1 жыл, 2 жыл)

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ

БАКАЛАВРИАТ

6В04101-Экономика
6В04102-Саладағы менеджмент
6В04103-Экономика және мемлекеттік басқару
6В04104-Бизнес-процестерінің есебі, аудит және талдауы
6В04105-Қаржы және аналитика
6В04201-Құқықтану
6В04202-Құқық қорғау органдарының қызметі
6В04203-Халықаралық құқық

МАГИСТРАТУРА

7М04101-Экономика мен басқарудағы бизнес-аналитика (2 жыл)
7М04102-Бизнес экономикасы (1 жыл)
7М04104-Бухгалтерлік есеп, аудит және контроллинг (2 жыл)
7М04105-Қаржылық экономика (2 жыл)
7М04201-Құқықтану (1 жыл, 2 жыл)

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТІ

БАКАЛАВРИАТ

6В01403-Музыка мұғалімі, қосымша білім беру педагогі
6В01404-Бейнелеу өнері және көркем еңбек
6В01601-Тарих пәнінің мұғалімі, тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы
6В02101-Концерттік-камералық орындаушы, оқытушы
6В02102-Халық әні
6В02104-Халық аспаптары
6В02103-Саласы және таңдаған бағыты бойынша дизайн, білім беру жүйесінде суретші-дизайнер
6В02201-Тарихшы-зерттеуші, гуманитарлық пәндер оқытушысы
6В03201-Журналистика және ақпарат

МАГИСТРАТУРА

7М01601-Тарихшы педагог (1 жыл, 2 жыл)
7М02201-Тарихшы зерттеуші (1 жыл, 2 жыл)

ИННОВАЦИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

БАКАЛАВРИАТ

6В01101-Педагогика және психология
6В01201-Педагог-тәрбиеші және мектепке дейінгі білім беру әдіскері
6В01301-Бастауыш білім беру деңгейінің педагогы
6В01401-Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі және таңдалған спорт түрлері бойынша жаттықтырушы
6В01402-Бастапқы әскери-технологиялық дайындық және дене шынықтыру мұғалімі
6В01901-Логопедия
6В03101-Психология

МАГИСТРАТУРА

7М01101-Педагогика және психология (1 жыл, 2 жыл)
7М01301-Білім берудегі менеджмент (1 жыл, 2 жыл)

ӘСКЕРИ КАФЕДРА

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІ

БАКАЛАВРИАТ

6В01501-Математика пәні мұғалімі
6В01502-Физика пәні мұғалімі
6В01503-Білім беру жүйесіндегі информатика және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
6В01508-Математика және физика пәндерінің мұғалімі
6В01509-Физика және информатика пәндерінің мұғалімі
6В05302-Физик-зерттеуші
6В05401-Қолданбалы математикалық модельдеу
6В06101-Дизайндағы қолданбалы информатика
6В06102-Бизнес-аналитика және IT-жобаларды басқару
6В06103-Жүйелік және желілік басқару
6В07501-Стандарттау және сертификаттау

МАГИСТРАТУРА

7М01503-Математика. Білім беру үдерісін басқару (2 жыл)
7М01504-Білім берудегі физика (1 жыл, 2 жыл)
7М01501-Информатика және білім беруді ақпараттандыру (2 жыл)
7М01502-Қазіргі ақпараттық білім беру ортасын ұйымдастыру және басқару (1 жыл)
7М05302-Физика (1 жыл)
7М05303-Физика және электроника (2 жыл)
7М05401-Математика және компьютерлік ғылымдар (2 жыл)
7М06101-Бизнес-информатика (2 жыл)
7М06102-IT-менеджмент (1 жыл)
7М06103-Киберқауіпсіздік (1 жыл, 2 жыл)
7М06104-Дизайндағы қолданбалы информатика (1 жыл, 2 жыл)

КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

БАКАЛАВРИАТ

6В01701-Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
6В01702-Орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
6В01703-Шетел тілі: екі шетел тілі
6В01704-Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі
6В02301-Аударма және аударматану
6В02302-Филология: қазақ филологиясы

МАГИСТРАТУРА

7М01701-Қазақ тілі мен әдебиеті (2 жыл)
7М01702-Орыс тілі мен әдебиеті (2 жыл)
7М02301-Филология (1 жыл, 2 жыл)
7М02302-Аударма ісі (1 жыл, 2 жыл)

ФАКУЛЬТЕТ ЕСТЕСТВЕННЫХ И СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ НАУК

БАКАЛАВРИАТ

6В01504-Учитель химии инженерного профиля
6В01505-Учитель биологии
6В01506-Учитель географии, с дополнительной специализацией географ-краевед
6В01507-Учитель химии и биологии
6В01510-Учитель географии и истории
6В05101-Биология и сельское хозяйство
6В05201-Прикладная экология
6В05301-Химический анализ и экспертиза
6В07101-Химическая технология углеводородов
6В08101-Земледелие и тепличное хозяйство
6В08201-Животноводство с основами ветеринарии
6В08401-Ихтиология и рыбное хозяйство
6В08601-Комплексное использование водных ресурсов
6В1101-Туризм и сервис

МАГИСТРАТУРА

7М05101-Биология с основами микробиологии (1 год, 2 года)
7М05201-Прикладная экология (2 года)
7М05202-Управление природными ресурсами и инспекция окружающей среды (1 год)
7М05203-Экологический менеджмент и аудит (1 год)
7М05301-Химический анализ и нефтехимический синтез (1 год, 2 года)

ФАКУЛЬТЕТ ЭКОНОМИКИ И ПРАВА

БАКАЛАВРИАТ

6В04101-Экономика
6В04102-Менеджмент в отраслях
6В04103-Экономика и государственное управление
6В04104-Учет, аудит и анализ бизнес-процессов
6В04105-Финансы и аналитика
6В04201-Юриспруденция
6В04202-Правоохранительная деятельность
6В04203-Международное право

МАГИСТРАТУРА

7М04101-Бизнес-аналитика в экономике и управлении (2 года)
7М04102-Экономика бизнеса (1 год)
7М04104-Бухгалтерский учет, аудит и контроллинг (2 года)
7М04105-Финансовая экономика (2 года)
7М04201-Юриспруденция (1 год, 2 года)

ФАКУЛЬТЕТ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК И ИСКУССТВА

БАКАЛАВРИАТ

6В01403-Учитель музыки, педагог дополнительного образования
6В01404-Изобразительное искусство и художественный труд
6В01601-Учитель истории, историк-исследователь, преподаватель гуманитарных дисциплин
6В02101-Концертно-камерный исполнитель, преподаватель
6В02102-Народное пение
6В02104-Народные инструменты
6В02103-Дизайн по отраслям и избранному направлению, художник-дизайнер в системе образования
6В02201-Историк-исследователь, преподаватель гуманитарных дисциплин
6В03201-Журналистика и информация
МАГИСТРАТУРА
7М01601-Историк-педагог (1 год, 2 года)
7М02201-Историк-исследователь (1 год, 2 года)

ФАКУЛЬТЕТ ИННОВАЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

БАКАЛАВРИАТ

6В01101-Педагогика и психология
6В01201-Педагог-воспитатель и методист дошкольного образования
6В01301-Педагог начального уровня образования
6В01401-Учитель физической культуры и тренер по избранному виду спорта
6В01402-Учитель начальной военной, технологической и физической подготовки
6В01901-Логопедия
6В03101-Психология

МАГИСТРАТУРА

7М01101-Педагогика и психология (1 год, 2 года)
7М01301-Менеджмент в образовании (1 год, 2 года)

ВОЕННАЯ КАФЕДРА

ФАКУЛЬТЕТ ФИЗИКИ, МАТЕМАТИКИ И ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ

БАКАЛАВРИАТ

6В01501-Учитель математики
6В01502-Учитель физики
6В01503-Информатика и информационно-коммуникационные технологии в системе образования
6В01508-Учитель математики и физики
6В01509-Учитель физики и информатики
6В05302-Физик-исследователь
6В05401-Прикладное математическое моделирование
6В06101-Прикладная информатика в дизайне
6В06102-Бизнес-аналитика и управление IT-проектами
6В06103-Администрирование систем и сетей
6В07501-Стандартизация и сертификация

МАГИСТРАТУРА

7М01503-Математика. Управление образовательным процессом (2 года)
7М01504-Физика в образовании (1 год, 2 года)
7М01501-Информатика и информатизация образования (2 года)
7М01502-Организация и управление современной информационной образовательной средой (1 год)
7М05302-Физика (1 год)
7М05303-Физика и электроника (2 года)
7М05401-Математика и компьютерные науки (2 года)
7М06101-Бизнес-информатика (2 года)
7М06102-IT-менеджмент (1 год)
7М06103-Кибербезопасность (1 год, 2 года)
7М06104-Прикладная информатика в дизайне (1 год, 2 года)

ФАКУЛЬТЕТ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

БАКАЛАВРИАТ

6В01701-Учитель казахского языка и литературы
6В01702-Учитель русского языка и литературы
6В01703-Иностранная языковая группа иностранных языков
6В01704-Учитель русского языка и литературы в школах с нерусским языком обучения
6В02301-Перевод и переводоведение
6В02302-Филология: казахская филология

МАГИСТРАТУРА

7М01701-Казахский язык и литература (2 года)
7М01702-Русский язык и литература (2 года)
7М02301-Филология (1 год, 2 года)
7М02302-Переводческое дело (1 год, 2 года)

Меншік иесі: Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті



Қазақстан Республикасы
Атырау қаласы
Студенттер даңғылы, 212

Редакция:
Ф.Балғожиев – Редактор
П.Тулин – дизайнер-бет құрушы

«Университет» газетінің меншікті тілшілері:
Ә.Кенжетай
Н.Жаңбырбай
Электрондық пошта – media@asu.edu.kz

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, #707 куәлік берілген 04.02.2002 жыл Газеттің жылына 6 нөмір шығады.

Газет «Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды. Тапсырыс #913 Баспаның мекен-жайы: Атырау қаласы, Ж.Молдағалиев көшесі, 29А үй

Таралымы 1000 дана